С. А. Ризаевым рассмотрен вопрос о частотности двухфонемных сочетаний в современном узбекском литературном языке [36]. По узбекскому и казахскому языкам изучены факторы, влияющие на относительную частотность фонем. Выяснено, что употребление фонем и их количественных отношений в разных жанрах различно. Сопоставлялись частотности фонем публицистического, научного и художественного по узбекскому и тексты сказок с научным по казахскому языкам. Статистический анализ позволил выделить группы фонем, определяющих специфику жанров.

С. С. Кенесбаевой применен статистический метод при определении наличия или отсутствия протетического звука в словах арабского происхождения, начинающихся со звуков, не характерных для исконно казахских слов [37]. А. И. Рабиновичем использована статистика для подтверждения теории о фонетической интерференции при контактах казахского и немецкого языков в условиях аудиторного билингвизма [38].

Проведены статистические анализы фонем турецкого и кумандинского языков [39, 40].

А. Джунисбековым и Д. Маматовым проведены статистические анализы спектров фонем [41, 42]. Первым — гласных казахского языка, вторым — сложных согласных узбекского языка. По казахскому и узбекскому языкам проведены статистические исследования фонетической структуры языка: выявлены частотности индивидуальных фонем, позиционных вариантов. Начато такое исследование и по каракалпакскому языку [43].

Изучены комбинаторные свойства фонем азербайджанского языка [44].

По казахскому языку Д. А. Байтанаевой проведены статистико-информационные измерения всех фонем. Выяснено, что информация различна в разных жанрах языка [45].

С. С. Татубаевым исследованы статистические характеристики благозвучия певческой речи в сравнении с разговорной речью.

Выявлены количественные характеристики, определяющие благозвучие казахской певческой речи [46].

Вероятностно-статистический подход к изучению структуры слога и слоговой структуры слова применен в таких языках, как казахский, татарский, узбекский. К. Б. Бектаевым составлен частотный словарь слов казахского языка на материале стилей художественных, научно-технических, публицистических текстов и двухтомного «Толкового словаря казахского языка», изданных в Алма-Ате в 1959, 1961 гг. В словаре указаны частота слога, по отношению его позиции в слове. Отдельно приводится словарь односложных слов. Д. А. Байтанаевой изучены статистико-информационные свойства слов казахского письменного текста на основе статистической обработки опытно-экспериментальных данных [47, 48].

Т. Н. Ибрагимовым выявлены состав и структурные типы слогов современного татарского литературного языка, определены комбинаторные свойства типов слогов, частоты употребления их в слове. Исследованы закономерности слоговой организации слова, в частности, выяснено, что предыдущий слог татарского языка несет 47% информации о последующем слоге, в значительной мере определяя его структурный и фонетический состав [49].

С. А. Ризаев исследовал статистическую структуру современного узбекского языка. Им выявлены типы слогов, изучены позиционные характеристики слога в слове, выяснены соотношения открытых и закрытых слогов, установлена каноническая форма слова современного узбекского подъязыка детской литературы [50].

Статистический анализ используется и при исследовании некоторых вопросов синтаксиса языка.

С. И. Ибрагимов на основе такого анализа текстов научно-технического характера выявил синтаксическо-функциональные классы существительных киргизского языка, определил виды синтаксических связей существительных с другими частями речи. Статистический анализ применен и при исследовании порядка слов в предложениях в казахском языке. Это позволило выявить особенности структуры простого предложения таких функциональных стилей, как литературно-художественный и научный. М. Р. Джумабалевой рассмотрены особенности порядка слов в простых предложениях английского и казахского языков [51, 52, 53].

В 1987 г. издана монография А. Х. Джубанова «Квантитативная структура казахского текста (опыт лингвистического анализа на ЭВМ)». В ней были рассмотрены опыт автоматического построения частотных списков лингвистических единиц тюркоязычных текстов, а также алгоритмы получения словаря-словоуказателя. Особо выделены автором вероятностно-статистическая модель распределение

ния классов слов казахского языка и другие вопросы лингвистики [54].

В монографии Т. Садыкова «Проблемы моделирования тюркской морфологии (аспект порождения киргизской именной словоформы)» на основе системного подхода анализируется морфологическая структура киргизского языка, а результаты анализа используются в целях построения модели порождения реальных именных словоформ по заданной лексико-грамматической информации [55].

Приведенный нами обзор опубликованных работ по тюркским языкам, в которых применяется вероятностно-статистический метод, показывает, что круг исследований, в которых метод используется, довольно широк, охватывает все разделы языка. Это объясняется тем, что метод является универсальным, не зависящим от объекта исследования.

Однако не все анализируемые работы являются равнозначными. Если по казахскому, киргизскому, азербайджанскому и узбекскому языкам проведены фундаментальные исследования на уровне диссертационных работ, то по другим языкам эти исследования только начаты, и о ходе работ можно судить только по кратким сообщениям и тезисам. Также неравномерно исследованы этим методом и сами области языка. Так, фундаментальные работы по выяснению статистической структуры в плане синтаксиса по какому-либо тюркскому языку еще отсутствуют. Это является отражением того, что статистико-вероятностный метод начал использоваться в исследованиях тюркских языков сравнительно недавно. Тем не менее он успел определиться как весьма полезный метод, и постепенно привлекает внимание ученых. Объясняется это прежде всего тем, что автоматизация трудоемких процессов в тюркологических исследованиях все еще желает лучшего. Проблема создания машинного фонда тюркских языков является жизненно важным делом и требует серьезного отношения со стороны тюркологов.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Качественные методы в социологии. М., 1966.
2. Качественные методы в гуманитарных науках. Минск, 1979.
3. Математические методы в историко-экономических и историко-культурных исследованиях. М., 1977.
4. Статистика казахского текста. Алма-Ата, 1973.
5. Бектаев К. Б., Пиотровский Р. Г. Математические методы в языкоznании. Ч. 1: Теория вероятности и моделирование нормы языка. Алма-Ата, 1973. С. 282; Бектаев К. Б., Пиотровский Р. Г. Математические методы в языкоzнании. Ч. 2: Математическая статистика и моделирование текста. Алма-Ата, 1974. С. 336.
6. Бектаев К. Б. Статистико-информационная типология тюркского текста. Алма-Ата, 1978. С. 183.

7. Абай тілі сөздігі. Алматы, 1968.
8. Күршижинов А. К., Жубанов А. Х., Белботаев А. Б. Куманеко-казахский частотный словарь. Алма-Ата, 1978. С. 276.
9. Бектаев К. Б., Жубанов А. К., Мырзабеков С., Белботаев А. Б. М. Оуэзов-тің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі (Частотный словарь по роману М. Ауэзова «Путь Абая»). Алматы, 1979. 334-б.
10. Ахабаев А. Статистический анализ лексико-морфологической структуры языка казахской публицистики. Алма-Ата, 1971. С. 24.
11. Жубанов А. Х. Статистическое исследование казахского текста с применением ЭВМ (на материале романа М. О. Ауэзова «Путь Абая»). Алма-Ата, 1973. С. 37.
12. Мырзабеков С. Статистико-лингвистический анализ структуры глагола современного казахского языка (по роману М. О. Ауэзова «Путь Абая»). Алма-Ата, 1973. С. 32.
13. Молдабеков К. Лингвистические исследования казахских текстов для младших школьников (на материале текстов учебников начальных классов). Алма-Ата, 1985.
14. Зекенова А. М. О. Эуэзов шысаларындағы есім сөздердің морфологиялық құрылымы жайында. // Известия АН КазССР. Сер. филолог. 1976. С. 56—62.
15. Зекенова А. О лингвистическом исследовании драматургии М. О. Ауэзова // Материалы семинара «Статистическая оптимизация преподавания языков и инженерная лингвистика». Чимкент, 1980. С. 219—220.
16. Белботаев А. Б. Қазак тіліндегі жалғаулар және олардың құрылымдық формалары туралы // Материалы республиканской научно-теоретической конференции молодых ученых по общественным наукам. 24—25 февраля 1978 г. Алма-Ата, 1978. С. 181—183.
17. Белботаев А. Б., Алдабергенова К. К. Қазак тіл біліміндегі статистико-лингвистикалық терминдер мен сөз түркестері туралы // Материалы республиканской научной конференции молодых ученых и специалистов по общественным изукаям, посвященной 110-й годовщине со дня рождения В. И. Ленина (17—18 апреля 1980 г.). Алма-Ата, 1981. С. 178—179.
18. Алдабергенова К. К., Белботаев А. Статистическое исследование морфологической структуры иноязычных слов, вошедших в произведения М. Ауэзова через русский язык // Материалы семинара «Статистическая оптимизация преподавания языков и инженерная лингвистика». Чимкент, 1980. С. 149—150.
19. Алдабергенова К. К., Белботаев А. Б. Количественно-морфологический анализ слов из русского языка, вошедших в рассказы М. О. Ауэзова // Вопросы тюркского языкоизучения. Алма-Ата, 1985. С. 164—166.
20. Бектаев К. Б., Насыров Д. С., Аймбетов М. К. Количественная характеристика личных и лично-притяжательных местоимений каракалпакского языка // Вестник Каракалпакского филиала АН УзССР. 1982. № 1. С. 67—71.
21. Насыров Д. С., Бектаев К. Б., Аймбетов М. К. Количественная характеристика указательных и указательно-притяжательных местоимений каракалпакского языка, употребляемых в публицистике // Вестник Каракалпакского филиала АН УзССР. 1981. № 4. С. 79—82.
22. Бабанаров А. Частотный словарь и автоматический словарь для машинного перевода турецких газетных текстов // Инженерная лингвистика и оптимизация преподавания иностранных языков. Л., 1980.
23. Жетешиков Ж. Статистический анализ словоизменительных аффиксов имён существительных киргизского языка (на материале газетных текстов) // Материалы семинара «Статистическая оптимизация преподавания языков и инженерная лингвистика». Чимкент, 1980. С. 210—211.
24. Мухамедов С. Статистический анализ лексико-морфологической структуры узбекских газетных текстов. Ташкент, 1980. С. 25.
25. Хусаинов С. Из опыта статистического анализа частотности употребления

неологизмов в современном турецком литературном языке // Советская тюркология. 1981. № 4. С. 74—79.

26. Мамедов Э. С. Количественные характеристики словообразовательных элементов // Научные труды Азербайджанского педагогического института рус. яз. и лингвистики. Сер. яз. и лингвистика. Баку, 1979. № 1. С. 105—110.

27. Гарипов Т. М. Лексикостатистические отношения тюркских языков Урало-Поволжья. // Языковые контакты в Башкирии. Уфа, 1972. С. 218—267.

28. Ишанов К. И., Садиков А. В., Мырзабеков С. Частотно-сопоставительная характеристика надежных форм русского и казахского языков // Тезисы докладов и сообщений всесоюзного семинара «Статистическое и информационное изучение тюркских языков». Алма-Ата, 1969. С. 56—58.

29. Ахметов Е. Г. Статистическая характеристика родительного падежа имени существительного в английском и казахском языках // Тезисы докладов и сообщений всесоюзного семинара «Статистическое и информационное изучение тюркских языков». Алма-Ата, 1969. С. 51—54.

30. Ергалауов А. Статистическая характеристика форм страдательного залога в английском и казахском языках // Тезисы докладов и сообщений всесоюзного семинара «Статистическое и информационное изучение тюркских языков». Алма-Ата, 1969. С. 62—63.

31. Джубанов А. Х. К вопросу о графемной статистике казахского текста // Вопросы казахской фонетики и фонологии. Алма-Ата, 1979. С. 79—86.

32. Джубанов А. Х., Джунисбеков А. Преобразование с помощью ЭВМ казахских текстов в фонетическую запись // Материалы семинара «Статистическая оптимизация преподавания языков и инженерная лингвистика». Чимкент, 1980. С. 317—319.

33. Исенгельдина А. А. Факторы, определяющие относительную частотность фонем // Статистика казахского языка. Алма-Ата, 1973. С. 659—664.

34. Статистика казахского текста. Алма-Ата, 1973.

35. Джубанов А. Х. К вопросу о графемной статистике казахского текста // Вопросы казахской фонетики и фонологии. Алма-Ата, 1979. С. 79—86.

36. Ризаев С. А. К вопросу о частотности двухфонемных сочетаний в современном узбекском литературном языке // Опыт экспериментального и структурного изучения языка. Ташкент, 1982. С. 45—92.

37. Кенесбаева С. С. К вопросу исследования протетического звука в словах арабского происхождения статистическим методом // Тезисы докладов и сообщений всесоюзного семинара «Статистические и информационные изучения тюркских языков». Алма-Ата, 1969. С. 43—44.

38. Рабинович А. И. О статистическом исследовании казахско-немецкой фонетической интерференции // Там же. С. 65—66.

39. Чикадзе В. Г. Статистический анализ фонем в односложных словах турецкого языка // Сообщения АН ГССР. Тбилиси, Т. 96. № 1. С. 201—209.

40. Селютина И. Я. Относительная частотность согласных в языке кумандинцев // Экспериментально-фонетические исследования сибирских языков. Новосибирск, 1981. С. 76—92.

41. Джунисбеков А. Гласные казахского языка. Алма-Ата, 1972. С. 94.

42. Маматов Д. Количественный анализ сложных согласных // Опыт экспериментального и структурного изучения языка. Ташкент, 1982. С. 108—111.

43. Насыров Д. Х., Аимбетов А. О статистике фонем каракалпакского языка // Материалы семинара «Статистическая оптимизация преподавания языков и инженерная лингвистика». Чимкент, 1980. С. 273—274.

44. Вейсалов Ф. Е., Керимов Я. К., Сафаров М. Г. Комбинаторика фонем современного азербайджанского языка // Вопросы азербайджанского языкоznания. Баку, 1981.

45. Байтанаева Д. А. Информационные характеристики казахского текста. Алма-Ата, 1985. С. 18.
46. Татубаев С. С. Статистические подходы к исследованию письменной фонетики казахского языка // Тезисы докладов и сообщений всесоюзного семинара «Статистическое и информационное изучение тюркских языков». Алма-Ата, 1969. С. 38—40.
47. Бектаев К. Б. Алфавитно-частотный словарь слов казахского языка // Статистика казахского текста. Алма-Ата, 1973. С. 566—612.
48. Байтанаева Д. А. Энтропия распределения слов казахского письменного текста // Тезисы докладов и сообщений всесоюзного семинара «Статистическое и информационное изучение тюркских языков». Алма-Ата, 1969. С. 80—82.
49. Ибрагимов Т. И. Некоторые статистические данные о слогах татарского языка: вероятностные методы и кибернетика // Учен. зап. Казанского ун-та. Вып. 4. Т. 25. Кн. 6. 1966. С. 74—78; Его же. Изучение слогов и структуры их сочетаний в татарском литературном языке. Казань, 1970.
50. Ризаев С. А. Из опыта исследования статистической структуры слова в узбекском языке // Общественные науки в Узбекистане. Ташкент, 1972. № 1; Его же. Статолингвистический анализ структуры слова в современном узбекском языке // Материалы семинара «Статистическая оптимизация преподавания языков и инженерная лингвистика». Алма-Ата, 1980. С. 180—182.
51. Ибрагимов С. И. Некоторые статистические характеристики имен существительных киргизского языка // Тезисы докладов и сообщений всесоюзного семинара «Статистическое и информационное изучение тюркских языков». Алма-Ата, 1969. С. 34—38.
52. Ахабаев А., Белботаев А., Молдабеков К., Османгитова Н. Статистика порядка слов в предложении // Там же.
53. Джумабаева М. Р. О статистической характеристике простого предложения в английском и казахском языках // Там же. С. 62—63.
54. Джубанов Л. Х. Квантитативная структура казахского текста (опыт лингвистического анализа на ЭВМ). Алма-Ата, 1987. С. 147.
55. Садыков Т. Проблемы моделирования тюркской морфологии (аспект порождения киргизской именной словоформы). Фрунзе. 1987. С. 121.

---

Л. К. ЖУБАНОВ

## ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ МАШИНАЛЫҚ ҚОРЫН ЖАСАУДЫҢ АЛҒЫШАРТАРЫ

Электронды техниканың дүниеге келуі қазіргі кезде инженерлік-экономикалық міндеттерді шешумен бірге тіл білімі саласында да әз көмегін тигізуде. Мысалы, электронды есептеу машиналары арқылы бір тілден екінші тілге аударуға, ғылыми-техникалық текстердің рефераттары мен аннотацияларын автоматты жолмен жасауға, кәжетті информацияларды жедел тауып алуга көп жол ашылуда. Электронды есептеу машиналар (бұдан әрі — ЭВМ) бұл күндері практикалық тіл білімі саласындағы әсіресе енбекті көп ті-

лейтін операцияларды ішінша автоматтандыруға, текст түріндегі материалдарды әралуан белгілеріне қарай сұрыптауға жиі пайдаланылып отыр.

Электрониканың өркендеуі, дәл методтардың қолданыс табуы тіл білімінің сан алуан салаларын, соның ішінде, лингвистика ғылымын да жеделдете дамытуға ықпалын тигізуде. Үнді-европа гіл білімі мамандары қолданған математикалық және кибернетикалық методтардың әсері түркітану бағытындағы зерттеулерге де тимей қойған жоқ. Алайда бұл құбылыс 60 жылдарға дейін айтарлықтай еленіп, ескерілген жоқ.

Біз түркі тілдерін ЭВМ-ді қолдана отырып санамалы (количествений) метод жолымен зерттеудің белгілі бір теориялық мәні барлығын атап айтудымыз кажет. Өйткені үнді-европаның көпармалы (флективті) аналитикалық тілдері бойынша жинақталған ұлан-ғайыр статистикалық материалдарды жалғамалы (агглютинативті) түркі тілдерінің соңғы статистикалық деректерімен салыстырудың мүмкіншілігі артады. Зерттеулеріміздің нәтижелеріне қарағанда, түркі тілдерінің табиғаты сөйлемен ағымында жекелеген сөз тұлғаларының түбекейлі фонетикалық және морфологиялық өзгерістерге ұшырауын кажет етпейтіндігі, олар негізінек өздерінің бітім-бейнеселерін сол қалпында сактайдынығы айқындалып отыр. Дыбыстардың үнді-европа тілдеріндегі толассыз тоғысуары, әлсіреп редукциялануы тағы басқа касиеттер түркі тілдерінс тән емес. Ана тіліміздің осы тәрізді ерекшеліктеріне сүйеніп, оның алуан сырты құбылыстарын математикалық жолмен зерттеуге дәл және даусыз хаттауға түркі тіл білімінің бірсыныра процесстепін автоматтандырудың тигізер пайдасы мол.

Лингвистикалық зерттеулерді автоматтандыру кезінде «адам—машина—адам» жүйесі бойынша жұмыс істеледі. Соңдықтан адам мен ЭВМ-нің қызметіндегі кейбір ұқсастықтар мен айырмашылықтар мыналар: машина (ЭВМ) шапшаш әрекет жасайды және барлық амалдарын дәлме-дәл орындаиды, оның жадындағы информациялар ұзак мерзім бойында сакталады, әрі кажетті сәтінде қолма-қол іздел табуға мүмкіншілік береді. Ал адамның ми қызметінің ерекшелігі — эвристикалық немесе тапқыштық қабілетінде (мидың қызметінің басқа қабілетін айтпағаның өзінде). Сонымен лингвистикалық зерттеулерді автоматтандыру жұмысын ЭВМ мен адамның ойлау қабілетіндегі ерекше сипаттарды ескере отырып жүзеге асыруға тиіспіз. Шет елдердегі, соңдай-ақ Совет Одағындағы ғылыми топтардың қазіргі жұмыс тәжірибелерінің негізінде мынадай токтамға келуге болады: ЭВМ-нің көмегімен тек қолданбалы тіл білімі ғана емес, тіпті басқа да тіл зерттеу саласындағы өзіндік ішкі теориялық проблемаларды шешуде де комакты нәтижелерге қол жететіні даусыз. Яғни электронды машиналардың ко-

мегімен лексиканы, грамматиканы, фонетиканы, қазіргі және көне жазба текстердің басқа да сипаттарын хатқа түсіруде оның берері мол. Лингвистикалық процестерді автоматтандыру жұмысыға лымдардың тұжырымы бойынша екі деңгейде болмақ: а) текстерді комбинаторлы-статистикалық әдіспен суреттеп шығу, ә) текстерді семантикалық шешімдер қабылдау тұрғысынан қарастыру.

Лингвистикалық зерттеулерде ЭВМ-ді колдану қебіне әріптердің, фонемалардың, сөздердің, сөз тұлғаларының, сөз тіркестерінің т. б. жиілік тізбелерін (сөздіктерін) жасаудан басталады. Эр дәүірдегі түрлі авторлардың шығармаларының текстеріне сәйкес шығарылған жиілік көрсеткіштерінің арқасында қазіргі кезде жалпы лексикологияның мәселелері жалпыхалықтық лексиканың құрылымы оның әр алуан қабаттарының арақатынасы, қазіргі замандағы тілдік норма, жазушы тілінің функционалды стилі мен ерекшелігі, сөз қорының тарихи дамуы т. б. аса маңызды проблемалар принциптік тұрғыдан жаңаша пайымдалып отыр.

Тек ЭВМ-ді колданудың арқасындаған кері алфавитті жиілік сөздігі тәрізді құралдарды шығару мүмкін болды. Мұндай сөздік әрбір сөздің грамматикалық сипатын түсіндіруге аса онтайлы болғандықтан морфология саласындағы түрлі зерттеу жұмыстарының міндеттерін анағұрлым женілдетеді. Мәселен, оны белгілі бір тілдегі түрлендіруші және сөз жасаушы тәсілдердің толық сипатын айқындауға санамалы катынастарды білуге, сондай-ақ фонетика мен фонология өрісіндегі толып жатқан мәселелерді шешуге пайдалануға мейлінше болады. Өйткені, кері алфавитті сөздікте жазылуын реттестіретін сөздердің жиыны бесенеден белгілі болып көрініп тұрады. Қазірде ЭВМ арқылы әралуан жиілік сөздіктерді жасаудың тәжірибелері біrsызыра жинақталды. Мұндай сөздіктер түрліше мақсатпен және әркелкі көлемде үнді-европа тілдері бойынша да, сондай-ақ түркі тілдері бойынша да қөптеп жасалуда.

ЭВМ-ді лингвистикалық немесе жалпы филологиялық мақсаттардағы зерттеулерге пайдаланумен бірге сол ғылыми ізденістердің нәтижелерін іске асыру мақсатында да колдануға болады. Мұның өзі ғылыми-техникалық процестерді жеделдешту туралы КПСС XXVII съезі алға қойған міндеттерге сай ғылыми-зерттеу істерін және қазіргі өндірістік процестерді кеңінен автоматтандыру туралы талаптарға барынша үндесіп жатады. Осылайша электронды машиналарды пайдалана отырып тілдерді зерттеу және ғылыми корытындыларды табиғи тілдердің информациясын автоматтарты жолмен танып-білу мүмкіндігіне саналы түрде көз жеткізуіндең арқасындағалымдар орыс тілінің машиналық корын жасау қажеттігі жөніндегі идеяларды жүзеге асыра бастады. Осы мақсатпен 1983 жылы шакырылған бірінші және 1987 жылы шакырылған екінші Бүкілодақтық конференцияларда орыс тілінің машиналық

корын жасау проблемалары күн тәртібіне қойылып, онда машинаға түсірілген тілдің құрамы мен құрылымы қандай болуы тиіс екендігі, бірінші кезекте мұндай тіл қандай міндеттер атқаратыны, машина қоры қамтитын тіл көздерінің ауқымы қандай болмақтығы (минимум және максимум мөлшерде), машиналық тіл қорын дәйекті турде тұтыну үшін қандай үйымдық және техникалық шаралар атқарылуы керектігі талқыланды.

Осы программаны жүзеге асыруға, «қағазсыз информацияның» технологиялық тәсілдерін ігеруге, сөйтіп өз еңбегінің өнімділігін арттыруға академиялық ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарындағы тіл мамандарының мейлінше ынталы екендігін конференция айқын танытты.

Егер алғашқы конференцияда орыс тілінің машиналық қоры қандай болуы қажет деген ділгерлігі күшті проблемалар талқыланған болса, екінші конференцияда осы салада орындалған жұмыстардың нәтижелері сөз болды және жана саладағы жұмыс барысында орыс тілінің және басқа ұлттар тілдерінің машиналық қорларын жасаумен байланысты күн тәртібіне тосынниан қойылған соны проблемалар сөз болды. Атап айтқанда СССР халықтары тілдерінің машиналық қорларын жасау мәселесі өз алдына жеке тақырып ретінде қаралды. Ерекше атап кетерлік бір жайт мынау болды: конференцияда орыс, украин, грузин, эстон тілдері жөніндеғі баяндамалармен қатар түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің машиналық қорын жасау мәселесі жеке тыңдалды. Сөйтіп, қазақ текстерін ЭВМ-ге енгізу және автоматты жолмен зерттеу бағытындағы біздің көпжылдық тәжірибелеріміз бен қол жеткен нәтижелеріміз ескеріліп, екінші конференцияның шешімдерінде түркі тілдерінің машиналық қорын жасайтын координациялық орталық Қазақ ССР FA Тіл білімі институтының құрамынан ашылсын деген дербес қабылданды.

Біз осы мақаламызда тілдің машиналық қорының мән-жағдайы жайлы өз ойларын ортаға салған ірі ғалымдардың жоғарыда сөз болған ғылыми форумдагы кейбір тұжырымдарына тоқтала кетпекпіз.

Машиналық кор жайындағы мәселені ең алғаш рет белгілі совет ғалымы, информатика саласының маманы А. П. Ершов 1978 жылы «Іс қағаздары прозасының феномены: диалогтар жүйесін жасау методологиясына» атты мақаласында сөз етті<sup>1</sup>. Бұл мәселенің ойдағыдай шешілүіне ғалым үлкен мән беріп, егер орыс тілінің машиналық қорын жасау мақсаты ойдағыдай орындалса, мөдельдеу мен алгоритмдерді құрастыру саласындағы қол жеткен табыстарымыздың бәрі академиялық жаттығулар қалпында қалып

<sup>1</sup> Машинный фонд русского языка: идеи и суждения. М., 1986. С. 7–12.

қоймай, іс жүзіне аскан болар еді, мұндай өте-мәте қажетті проблеманың шешілуі ғылым, мәдениет және қолданбалы техникалық тәсілдер түргысынан мейліше құнды болмақ деген болатын. Оның пікірінше, маман лингвистер тарапынан орыс тілінің машиналық корын жасау ісі өндірістік лингвистикалық жүйелерді іске қосудан озық болуы тиіс, өйткені тек осы жағдайда ғана толып жатқан қажетсіз қайталаулардан құтылып, тілдің жаңды өзегін озбырлар мен дүмшелердің киянатынан аман сақтап қалуға болады.

«Орыс тілін сүйеттің қоғамның (формальды қоғам) танымынша, дейді ол, орыс тіл білімі дегеніміз өзірге үйықтап жатқан Гулливер тәрізді, сондықтан оның оянатын және өзі туралы бар дауыспен жар салатын кезі енді жетті. Ал, ЭВМ бұл ретте таптырмайтын коныраулы сағат секілді», — дейді ғалым А. П. Ершов болашақ жасалатын орыс тілінің машиналық корын тіл жөніндегі білімдердің аса қуатты концентраты болады деп сенеді. Мұндай формальды жүйе табиғи тілдің организмімен сәйкес әрі тең көлемді болуы қажет, сөйті тұра ол (модель) анатомиялық түрғыдан мүшеленген, ашық, айқын бақылауға, зерттеуге қолайлы әрі өзгермелі болуы тиіс. Алайда, қазіргі жансыз материяның формаларын модельдеуге қатысты білімдеріміздің аясын осы құнгі тіл білімінің статусымен және ауқымымен салыстырып қарайтын болсақ, біз аталған салада жүріп өтпек жолымыздың бастауында түрғанымыз айқын сезіледі.

Ю. Н. Караповтың «Лингвистикалық зерттеулердің методологиясы және орыс тілінің машиналық коры» атты баяндамасы<sup>2</sup> орыс тілінің машиналық коры дегеннің ғылыми түсінігі — көп тармақты әрі терен автоматтандырылған жүйе дегенді аңғартады. Бұл жүйе информациялық барлау міндеттерін де, сондай-ақ, тіл білімі саласындағы, кенірек алғанда, жалпы филологиялық бағыттағы зерттеушілік міндеттерді де атқара алады. Орыс тілінің машиналық корын жасаудың методологиялық негіздері ретінде екі тезис басшылыққа алынған: бірінші,—тіл жөніндегі деректердің қандайы болмасын лексикографиялық пішінде ұсынылады. Егер кейбір тіл жүйелерінің тарамдары немесе тұтас бір деңгейлері (мысалы, синтаксис) лексикография түрғысынан сипаттауға әлі икемделіп жетпеген болса да, принциптік жағынан оны жүзеге асыру толық мүмкін деп саналады. Екінші,— лексикографиялық жағынан жүйеленген тілдік мәліметтердің барлығы да машинаға лайықталағып, алгоритм тіліне аударуға келеді.

Сонымен, тілдің машиналық коры деген ұғымның түпкі тәркіні лексикографиялық, яғни сөздік түріндегі жұмыстардың идеясына келіп тіреледі. Осы түсінікке сәйкес және басқа да ойларды қамти

<sup>2</sup> Бұл да сонда. 13—25-б.

келе Ю. Н. Карапов машиналық қордағы тілдік информацияларды шоғырландыратын бірегей түйін немесе түп қазық жеке сөз деңесептейді. Өйткені, сөз тілдің ең табиғи бөлшегі болып табылады. Ол морфемалармен, сөз орамдарымен немесе сөйлемдермен салыстырғанда да ішкі-сирткы қызметтері жағынан яғни морфемаға, буынға, әріпке, мағынаға талданатындығы, сондай-ақ, сөздерді өзгертетіндігі, жаңа сөз тудыратындығы, синтаксистік, грамматикалық, ассоциялық және концептуалды қатарлар жасайтындығы жағынан ерекшеленеді. Осыған орай, информация сактағыштық қасиеттің негізінде мынадай бір кепілдеме болады: ол сөз — белгілі бір жүйедегі сөз қорын танытады, оның белгілі мөлшерде өзіндік сегменттері болады, олар грамматикалық, стилистикалық, фонетикалық, контекстік т. б. параметрлердің, демек, сол сөз жайындағы барлық мәліметтердің бүкіл жүйесін сәулелендіреді.

Мынадай екі жақты құбылыстық қарастыра кетуге болады: тілдің машиналық қоры жасалып болғаннан кейін ол тек архив тәрізді қызмет ете ме, әлде машиналық тіл қоры тіл жөніндегі жаңа білімдер қосатын, жаңа мәліметтер тауып беретін зерттеу лабораториясы болмак па? Бұл ретте айтарымыз: екі жақты құбылыстың соңғысы алғашқы қисынның барлық қасиеттерін иемденетіндігі себепті берер мүмкіншіліктері де молырак. Демек, тіл қоры бізге белгілі тілдік зандаулықтар жөніндегі түсініктерді бойына жинақтаған тілдің синхронды және диахронды процестерін моделдей алатын әрекет үстінде болуы қажет. Сонда ғана машиналық қор түрлі деңгейдегі тіл бөлшектерін, жүйелерді негізге алып, қызмет ететін болады. Басқаша айтқанда тілдің машиналық қоры дегеніміз — барлық мәліметтерді жинақтаушы банк, бірақ ол «ақылды», мамандандырылған білім қоры болып табылады. Оны кітап ретінде пайдалануға болады, тиісті ұсыныстарын зерттеуші белгілі бір максаттарда іске асыра алады. Фалымдардың айтуынша, машина қоры дегеніміз — ғылым адамының өз зерттеу объектісіне жаңаша түрғыдан көз салудың мүмкіндігі болып табылады. Мұндай қор неғұрлым қомактырақ болса, солғұрлым тіл құрылышының сырын тереңірек ашуға болады, сөйтіп зерттелетін объект жөніндегі түсініктердің шенбері кениді, адамның білім өрісіндегі «актандактардың» бедер-бейнесі айқындала береді.

Тілдің машиналық қоры адамдардың зерттеушілік қалып-қабілетін әлденеше есе арттырады, творчестволық қуат көздері ашылады, сөйтіп бұл жаңа мүмкіндіктер тілдің жүйелілік қасиеттерін жетілдіруге, яғни тіл жүйесін мұқият тануға жұмсалатын болады. Машиналық қор жасаудың программасы комплексті сипатта болуы тиіс, демек, ондай программа ең қажетті деген теориялық және экспериментті, яғни практикалық мәліметтерді бірлікті қамтуы қажет.

Машиналық қор жасайтын программа сонымен бірге белгілі бір нысананы көздеуі тиіс, өйткені, программаны жузеге асырудың нәтижесінде жаңаша бір зерттеу объектісі, немесе материалдық жүйе, бұрын болмаған жаңа аппараттар жасалып, тіл жүйелерінің барлық қасиеттері мен көріністері жан-жақты зерттелетін болады.

В. М. Андрющенко «Орыс тілінің машиналық қорын жасаудың концепсиясы мен архитектурасы» атты баяндамасында<sup>3</sup> тілдің машиналық қоры деген ұғымның ең жалпы түсінігі деп тәмендегідей ұғындырады. Ол — тілді зерттеп, текстеретін автоматтандырылған комплексті жүйе болмак. Оған түрлі лингвистикалық мәліметтер, сол мәліметтердің текстермен, картотекалармен, сөздіктермен, грамматикалық т. б. лингвистикалық білім көздерімен деректендірілген білімдер жинақталмақ. Осы білім көздерінің бәрі де программаға сәйкес қолданыс тауып жаңа тілдік объектілерді, яғни сөздіктерді, грамматикаларды, тіл дамуының түрліше процестерін құрастыруға қызмет етеді. Машина қоры жинақталған білім көздерінің бәрі де қорландырудың жаңа единицалары ретінде ғылыми мүмкіндіктерді молайта бермекші.

Тілдің машиналық қорын жасау үшін оны мынадай құрамдармен қорландыру керек: 1) машина қорының негізгі сөзтізбегі; 2) иллюстрациялық текстер қоры; 3) терминология қоры; 4) академиялық сөздік — грамматика қоры; 5) тіл процессорларының қоры; 6) лингво-статистикалық база; 7) лексикографиялық база; 8) лингвистикалық алгоритмдер мен программалар қоры.

Машиналық қордың осы айтылған жобасының ерекшелігі деп мынаны айтуға болады: бұл қор лингвистикалық мәліметтердің сала-салага жүйеленген банк ретінде қызмет атқарады, яғни оның компоненттері дербес күйінде әр салада сақталады да, оларды тұтыну қажеттігіне сәйкес керек кезінде кайта жишақталады.

Бұл күндері жоғарыдағы ғылыми негіздерге сүйеніп СССР-дағы түрлі ұлттар тілінің машиналық қорын жасау да жоспарланып отыр. Бұл істің ұзын ырғасы он бес жылға созылмақ. Осы мерзім ішінде тіл зерттеуші барлық институттар мен ірі-ірі жоғары оку орындарында лингвистикалық жұмыстарды автоматтандыру мен тіл мамандарына информациялық-анықтамалық қызмет көрсетудің қалыпты комплекстік жүйелері іске қосылуы тиіс. Тіл жөніндегі деректерді жинаудың, сактаудың, талдаудың және салыстыра зерттеудің жаңа әдістеріне көшу, сондай-ақ лингвистикалық дерек көздерінің автоматтандырылған сөздіктер мен грамматикалар тәрізді жаңа түрлерін итеру ісі өмірге жанасымды және тиімді болу үшін бұл салада жалпыфилологиялық дәстүрлермен мәдениетке,

<sup>3</sup> Бұл да сонда. 26—44-б.

тілді терең таңып білуге, практикалық жаңа міндеттер мен тәжірибелерді мұқият ескеруге тиіспіз. Бұл ретте табиғи тілдің деректерін зерттеу жүйесіне негізделетін жаңа информациялық технологияның жетілдірудің бірден-бір шарты — адам мен машинаның, көркем-жаратысна келіп тірелетін интеллектуальды орта деп білеміз.

А. С. Гердтың «Орыс текстерінің типтері және орыс тілінің машиналық қорын күру» атты баяндамасында<sup>4</sup> тілдің машиналық қоры дегенді ол өзінс тән кішігірім жүйелер мен микросистемаларды қамтитын автоматтандырылған, аса үлкен макросистема деп түсіндіреді. Мұндай жүйелердің бірі сөйлеу фактілерін тіркең отыруды ысанаға алатын тіл корлары, атап айтқанда, текстер, сөздер, сөз формалары, сөз тіркестері мен сөйлемдер. Мұндай қорлар кішігірім жүйелердің тіркемелі типіне жатады.

Бұл жүйелердің мақсаттары мен міндеттері қандай болмак? Мұндай жүйелерде тұтас текстер сакталады және тұтынушының сұранысы бойынша сол текстердің үзінділері, нақты арестері және сөз формаларының статистикасы, сөз нұсқағыштардың (словоуказатели) толық тізімдері немесе солардың фрагменттері, сөздерге тәулілі цитаталар, жілілікті және кері алфавитті сөздіктер беріледі. Осы арқылы сөздің әралуан тұлғаларының ең түпкі бірегей нұсқасы айқындалады. Болашақ машиналық кордың лексикасының силаты түпнұска текстердің типіне байланысты болып келеді.

Бұл айтылғандардың кейбір мысалы ретінде яғни тілдің жүйесін танытатын сөйленіс жағдаяты деп мыналарды айтуға болады: көркем әдебиеттің тілі, газеттің тілі, ғылым мен техниканың тілі, үйымдастыру-нұсқау документтерінің тілі, заң орындары мен сот мекемелерінің тілі, мектеп т. б. түрлі оку орындарының тілі, жишлоғалыстардың тілі, күнделікті әңгімелесудің тілі, транспорт, магазин, аптека, ателье, поликлиникалардағы сөйлеу тілі, жеке адамдардың күнделіктері мен қойын жазбаларының тілі т. б.

Эріне сөйленіс типтерінің бұл түрлері біркелкі емес, көпшілігінде жазбаша, ал енді біреулері ауызша жүзеге асады. Алайда жазба текстердің корына даусыз енетін сөз үлгілері деп көркем әдебиеттің, ғылымның, техниканың, занның, қаулы-караардың, іс-кағаздарының тілін айтамыз.

Қазіргі ғылыми-техникалық және іс қағаздары тексінің негізгі өзегі — терминдер, әйтсе де, кай тілдің болсын машиналық қорына ғылыми-техникалық текстерді түгел енгізу керек пе, жок па деген мәселе әлі де ойлануды қажет етеді. Жалпы сөйлеу тілінің аясындағы сөздердегі емес, терминдердің тілдік коршауы, яғни контекстті өзгеше бір тілдік жүйе, басқаша айтқанда терминдер өрісі болып табылады. Осы аяда өмір сүретін термин үшін барлық ғылыми

<sup>4</sup> БУЛ да сондэ. 67—75-б

шығармалардың сөз колданыс машиқтары етепе, ортақ болып келеді. Сырт қараганда белгілі бір ғылым саласындағы терминдер өзінің аумағы жағынан бүкіл жасалатын кордан асып кететін тәрізді. Олай болғанда басқа ғылымдар саласындағы терминдерге машинаның жадынан үлес тимей калуы да мүмкін. Соңдықтан бұл мәселені терминологиярдың алқасына салып, келелі кенес жолымен ойланып-толғанып шешу керек. Себебі ғылым мен техника тілінің лексикасы дегеніміз тек термин сөздер ғана емес, бұл ұғымға ең алдымен бүкіл терміндік тіркесімдер, символдар, тектерге элементтер немесе идентификаторлар да кіреді. Бұлардың саны күн санаи өсе бермек, өйткені бұл қызметті атқаратындар кәсіби етістіктер, шартты символика т. б. болады да олардың әрқайсысы белгілі бір ғылыми ұғымдар мен концепцияларды танытады. Машиналық қорға текстер енгізуде қынырақ тиетін мәселелер диспуттар, сот процестері, жиналыстар, күнделікті әнгімелесулар, реплика тастау, айтыс, телефон арқылы сөйлесу, радиомен хабарласу кезіндегі ауызекі сөйлесу тілінің ұлгілерін жазып алу болып табылады.

Текстердің әр дәуірдегі белгілерін ажыратып, тануда және оларды сол дәуірлер бойынша жазып алу аса маңызы жұмыстардың бірі. Текстердің хронологиялық жігін айырып тану мақсатында диалектілерді машиналық қорға қосудың ойланатын жактары жоқ емес. Диалектілер синхронды түрде өмір сүреді. Бірақ өздерінің мәні жағынан олар әрі диахронды болып келеді. Диалект сөздер кез-келген ұлт тілінен әсіресе әдеби тілден ескі, әріден келе жатқан тіл құбылыстары. Ал, қазіргі тіліміздегі диалектілердің лексикасы біртекtes емес, әркелкі. Олар бір жағынан ертедегі сөздер мен колданыстардың ұлтка, жазуға дейінгі ұлгілері болып келсе, екінші жағынан басқа тілдерден енген сөздерді тіл ішінде кейіннен пайда болған, бірақ оқшау, томаға-тұйық колданыста болып, таралу әріңі шектеліп калған сөздер болуы да ықтимал. Халық тілі сол халықтың жанды казынасы болғандықтан соның бүкіл болмысын барлық ерекшеліктерімен коса қамту машиналық кордың міндеті.

Диалектілер секілді әрі синхрониялық әрі диахрониялық сипатта күн кешетін тіл — фольклордың тілі және жер-судың тілі немесе топонимика. Осы аталған тіл ұлгілерін жинастырып, машиналық қор жасағанымызда, оның бұл аталғандардан басқа да салалары мен арналары қамтылары сөзсіз. Қысқасы машиналық қор жасау мақсатымен байланысты бүгінгі танда күн тәртібіне койылатын мәселелер мыналар деп білеміз: тіл маманына ең алдымен қажет болатын мәліметтердің сипаты. Керек болған белгілі бір сөзді қандай тіл көздерінен, текстерден, тіл айрымдарынан іздестіру қажет және сол сөз тілі тексте қамтылған ба, жоқ па, графикалық

және фонетикалық пішіндерін коса есептегендеге сөздің мүмкін болған барлық түрлері мен тұлғалары айқындалып болды ма, белгілі бір сөзге қатысты контекстердің жалпы аумағы, сипаты аныкталды ма, белгілі бір сөз осы семантикалық және грамматикалық сипатта өткен дәуірлердегі, көне ғасырдағы текстерде колданылған ба, егер колданылса, қай замандардан бергі сөздіктерден көрініс тапқан.

1988 жылдың май айында Москвауда Совет тюркологтары комитетінің XIV Пленумы болып өтті. Пленум мәжілісінің күн тәртібінде: «Түркі тілдерінің машиналық қорын жасау» проблемалары талқыланды. Онда негізгі баяндамашылар: Р. Г. Пицровский, А. М. Щербак, В. Г. Гузев өз ой-лікірлерін ортага салып, түркі тілдерінің машиналық қорын (бұдан әрі — ТТМК) жасаудың қажеттілігімен қатар қыншылықтарын да атап көрсетті<sup>5</sup>.

ТТМК-ын жасаудың болашақта екі жақты қажеттілігі (ұтымдылығы) болатындығы ескерілді. Біріншіден, салыстыру-салғастыру (сравнительно-сопоставительный) түрғысынан қарастырылғанда лексикографиялық, грамматикалық, стилистика-статистикалық, тарихи-этимологиялық мәліметтерді жинау және реттеу (тез іздеп табу); екіншіден, тұтынушыларға (тілші-зерттеушіге) бір тілдің тұрақты единицаларының «туу» (порождение) ережелерінің көмегі арқасында қажетті тілдік элементтерді әралуан текстен автоматты түрде бөліп алу мүмкіншілігіне ие болу.

Түркі тілдеріне ортақ машиналық қордың маңызы сөз бола келе, сол қорды жасаушылар, яғни тілшілер мен инженер-программистер теориялық жағынан маңызы зор екі түрлі әдістің біреуін: «жоғарыдан тәменге» (нисходящий) немесе «тәменнен жоғарыға» (восходящий) қарай зерттеудің жолын күн ілгері тандал алу қажеттігі сөз болды.

Қомақты жүйелерді құрастыру кезінде (ТТМК-ын құрастыруда соған жатады) «тәменнен жоғарыға» қарай текстеру принципінің елеулі қыншылықтарға әкеліп соғатыны нақты ескертілді. Себебі бұл принцип бойынша автоматты жүйе құрастырылғанда бөлек-бөлек жағдайларға (есептерге) негізделген қарапайым модульдер жасалып, олар бірте-бірте бірігіп, іріленіп, құрделі блоктарға айналып, нәтижесінде кішігірім жүйелердің орнына қомақты біртұтас жүйе құру мақсаты көзделеді. Алайда мұндай бөлекше модульдер өз алдына жеке тұрып жұмыс істегенмен, біртұтас біріккен жүйеге (демек бүкіл түркі тілдерінің машиналық қорын жасау жүйесіне) айналғанда алға қойған мақсатты шешетіні, шешпейтіні бимәлім. Көп жағдайда мақсат орындаға да бермей-

<sup>5</sup> Гузев В. Г., Пицровский Р. Г., Щербак А. М. О создании машинного фонда тюркских языков // Советская тюркология. 1988. № 2. С. 98—101.

ді. Басқаша айтсақ, жеке тұрын лексика-семантикалық, этимологиялық, морфологиялық, тіпті, синтаксистік есептерді шешетін программалардың жиынтығын және ЭВМ жадына жазылған неше түрлі лексикографиялық материалдардың тұтастығын тілдің машиналық қоры осы деңгейде есептеуге болмайды.

Осы айтылғандарды қорыта келе, авторлар түркі тілдерінің машиналық қорын жасау деген үғымды екі түрлі концепция (стратегия) тұргысынан қарастырылады. Бірінші концепция түркі тілдерінің ғылыми машиналық қорын жасау жайында болса, екінші концепция бойынша түркі тілдерінің көп аспекттілі машиналық қорын жасау міндетті көзделеді.

Мұндай концепцияларға бөлу мына көзқарастан туады. Біздегі ғылыми-зерттеу орталықтарының нақты жағдаяттарын ескеретін болсақ, тіл мамандарының өзіне бекітіліп берілген ЭВМ орталықтарының жоктығы, қажетті маман инженер-программистер мен тілшілердің жетіспеуді т. б. салдарынан таяудағы 5—7 жыл шамасында түркі тілдерінің көпасспекттілі машиналық қорын жасау мүмкіншілігі екіталаі. Сондыктан да жұмысты түркі тілдерінің шағын көлемді ғылыми машиналық қорын жасаудан бастау жөн болады.

Осы тұргыдан қаралада, ен алғаш түркі тіліндегі сөздердің грамматикалық формаларының жасалу (порождения) процесстегі зерттеумен шектелген жөн. Толығырақ айтқанда, ғылыми машиналық қор түркі тілдеріндегі бір буынды сөздердің әртүрлі құрылымдық-фонетикалық үлгілерінің толық жиынтығын қамтуы тиіс және ол дыбыстардың тіркесуі мен қисындастыру жағынан ата түркілік күйден шет шықпағаны жөн. Бұл жиынтық әрі тұрақты, әрі өзгермейтін болуы шарт. Бір буынды сөздердің алғашқы қалпын анықтау фонетиканы салыстырмалы анализ әдісімен зерттеуді қажет ететіні түсінікті. Түркологтердің компаративистік зерттеулері негізінде алған нәтижелерінің өзі ата түркілік күйдегі сөз тұлғасының біршама тиянекты модельін күруға мүмкіндік береді. Ал, модельді жетілдіре түсу жолдарын табу үшін жерттеулердің қажет екендігі түсінікті.

Екінші концепция бойынша түркі тілдерінің көпасспекттілі машиналық қорын жасау қолданбалы ілімдердің мұқтаждына сай жүзеге асырылуы тиіс. Мысалы, оны баспа, радио, телевизия, театр қызыметкерлерінің, мұғалімдердің түркі тілдерін пайдалану қажеттігіне орайластыруға әбден болады. Мұндай мұқтаждықты өтеу үшін түркі тілдерінің көпасспекттілі машиналық қоры әрі жалпы-түркілік тілдің жиынтын, әрі жекелеген нақты бір тілдердің жиынтын модельдеу арқылы жасалады.

Төменде осы айтылған машиналық қордың түрліше салалары (блоктары) жалпылама сипатталмақ.

1. Ең алғаш құрастыруды қажет ететін нәрсе — лексикалық блок. Ол орфографиялық, орфоэпиялық, түсіндірме, терминологиялық қолданыс жиілігі және аударма (орысша-туркіше, туркішे-орысша) типіндегі сөздіктерді қамтитын көшілік қолды лексикографиялық жүйеден тұруы тиіс. Бұл ретте жалпытуркі лексиконын жасау (құрастыру) ісінің өте-мәте қындыққа түсетінін ескеру қажеттігі сөзсіз.

2. Грамматикалық блок — лексикалық және грамматикалық морфемалардың тізбелерінің жиынтығынан, сондай-ақ синтаксистік схема-модельдерді қамтитын тілдік материалдардан тұрады. Әрбір жеке тіл бойынша морфемалармен синтаксистік схемалардың жиынтығы қосыла келе жалпытуркілік тілдің машиналандырылған грамматикалық тезаурусын жасауға мүмкіндік береді. Оның түркі тілдерінің ғылыми-машиналық қоры ретінде де кәдеге жарайтындығы ескерілмек. Бұған типті тезаурустың түп-тірепі ретінде аффикстер мен грамматикалық көрсеткіштердің жиынтығы алынғаны жөн.

3. Түркі тілдерінің машиналық қорындағы ең бір шағын жүйе — фонологиялық және морфонологиялық блоктар.

Фонологиялық блок әр тілдің фонемалық құрамын (состав), әр фонемаға тән бүкіл дифференциалдық (айырым) белгілердің түсіндірмелерін корландыратын жиынтықтан тұруы қажет.

Морфонологиялық блок төмендегідей информациялық мәліметтерді қорландырып сактайды:

1) тілдік единицалардың фонемдік құрылышының типтері: неғіздер, форманттар, сөздердің жекелеген кластарына (мысалы, бейнелеуіш сөздерге) тән фонемдік құрылыштың ерекшеліктері жөніндегі деректер;

2) белгілі бір тіл үшін міндетті сингармонизм зандары, сондай-ақ дауыссыз дыбыстардың ассимиляциясы, катандауы мен ұядадауы жайындағы мәліметтер;

3) түбір-негіздер мен сөз-формаларға түсетін екпін туралы мәліметтер т. б.

Әралуан түркі тілдеріне катысты морфонологиялық суреттемелерді салыстыру нәтижесінде жалпы түркілік морфонологиялық белгілердің терен сырларын ашуға, сондай-ақ жекелеген тілдердің өзіндік қасиеттерін тануға қажетті мүмкіндіктер туды.

Міне осы аталған мәселелердің бәрін жан-жакты қамти отыра толық та тұжырымды жауап алуымыз үшін электронды есептегіш техниканы пайдалана отырып, тілдің машиналық қорын жасау — лингвистикалық ғылым саласындағы кайта құрудың теориялық әрі практикалық міндеттерді жаңаша ойладап, жаңаша шешудің бүгінгі тандағы ең тиімді жолын табылады.

ФОНЕТИКА БОЙЫНША  
ЗЕРТТЕУЛЕР  
ИССЛЕДОВАНИЯ  
ПО ФОНЕТИКЕ

Ә. ЖҮНІСБЕКОВ

## ОРФОГРАФИЯ МЕН ТРАНСКРИПЦИЯ ЖАЙЫНДА БІРЕР СӨЗ

Түрколог-мамандар өздерінің ғылыми жұмыстарын жазғанда орфографияның кейбір кемшіліктері мен онтайлы транскрипцияның (дыбыс жазуының) жоқтығынан қатты қиналады. Қөп жағдайда олар өз ана тілінің алфавитін фонетикалық жазудың негізі ретінде пайдаланады. Алайда, мұның өзі ғылыми еңбекті өзге тіл мамандарының еркін пайдалануына қынышылық туғызады және түркі тілдеріне тән көптеген фонетикалық құбылыстардың ескеру-сіз қалуына экеп соғады.

Қазақ жазуы негізінен орыс алфавитіне құрылғаны және қазақ тілі дыбыс жүйесінің ерекшеліктерін ескерген толыктырулар бары белгілі. Қазақ мектептерінде орыс тілі негізгі пәндердің бірі ретінде жүргізілетін болғандықтан орыс графикасын қабылдаудың практикалық мәні бар.

Орыс алфавиті үлт тілдеріндегі жазуды бір жүйеге түсіруге, екі тілде бірдей сауат ашуға, қоғамдық-саяси және ғылыми-техникалық терминдерді игеруге көп септігін тиғізді. Дегенмен алфавит пен орфографияның өзара үйлесімін табу үшін әлі де болса фонологиялық зерттеулердің кажет екендігі сонғы кезде біліне бастады. Қазақтың төл сөздерінің жазылуына И, Ү, Ю, Я әріптерінің кірістірілуі де үстірт болған. Өйткені мұндай тың «жаңашылдықтың» нәтижесінде, мысалы, бір ғана «И» әрпі 8 түрлі оқылатын болып шыға келді: 1) Ы мен И (жинак — жыйнак), 2) I мен И (сирек—сійрек), 3) Ұ мен И (құнжиды—құнжүйдү), 4) Ү мен И (дүние—дүнүйе) дыбыстарының тіркесі, сондай-ак, 5) Ы (сия—сыйа), 6) I (ию—ійүү), 7) Ұ (сұрқия—сұрқүйа), 8) Ү (өңкію—өңкүйүү).

Осындай жайттардың салдарынан буын жігін ашу мен тасымалдау жолдары шым-шытырық күйге түсті. Орфографиялық буын жігі мен ороғөзиялық буын жігі үйлеспейтінді шығарды. Мысалы,

орфографиялық буын жігі

орфоэпиялық буын жігі

ти-ын

тый-ын

ты-ын

су-у

сүү-үү

сұ-үү

ти-ю

тій-үү

ті-йүү

у-іл

үү-үл

ү-үл

Егер И, У, Ю, Я әріптерінің оқылуы әзірге қындық туғызбай жүрген болса, ол, тек, қазақ сөзінің кұрамындағы буындар мен дыбыстардың басын құрастырып тұрған сингармонизм заңының аркасы. Мысалы, Тәңір рия (ірійә) ғамалды қабыл көрмесе (ҚӘ, 11.07.88). *Cуси-суси* (сүсүй—сүсүй) алыстап, көnlіміз сұысқан (ҚӘ, 14.06.85). *Tи* (тій) десем тимейді..., (жұмбак). *Kөк ми* (мый), *су ми* (сүу мый), *ту* (тұу) қоян, бас *шо* (ійүү), көnlі *сүу* (сүүү), *ии* (ійій) бастады (тұракты тіркестер).

Осы келтірілген мысалдардағы асты сызылған сөздердің оқылуын (айтылуын) дұрыс нұсқайтын орфографиялық ереже (лингвистикалық белгі) жоқ, оны тек жаттап алу керек.

Шынтуайтқа келгенде, қазақ (жалпы түркі) жазуы үшін сингармонизмнің нұсқасын дауыссыз дыбыстың әрі көрсете ме (көне түркі жазуындағыдай) немесе дауысты дыбыстың әрі көрсете ме (осы күнгі жазуымыздыңдағыдай), жоқ, әлде, арнайы үстеме (диакритика) белгі көрсете ме (кейбір транскрипциядағыдай) бәрі бір. Егер сөздің сингармонизмдік нұсқасын: дауыссыз әріп көрсетіп тұрса, онда көне түркі жазуындағыдай дауыссыз әріптердің саны көбейеді, сөйтіп, дауысты әріптерде сингармонизм белгісі қалмайды да олардың саны кемиді; дауысты әріп көрсетіп тұрса, онда қазіргі жазуымыздыңдағыдай дауысты әріптердің саны көп болады, сөйтіп дауыссыз әріптерде сингармонизм белгісі қалмайды да, олардың саны кемиді. Көне түркі жазуы мен қазіргі жазу жүйесінің арасындағы негізгі айырмашылық осы. Оның үстіне дауыссыздарды тірек еткен жазу буын жазуға айналады да текст таңбалардың (әріптердің) унемді тізбегінен құралады, ал дауыстыларды тірек еткен жазу дыбыс жазуына айналады да таңбалардың тізбегі созылып кетеді.

Жалпы сингармонизм белгісінің дауысты әріптерге телінгені «дауыстылардың үндесуі» (гармония гласных) деген жаңсақ пікірге әкеп сокты. Дауысты дыбыстар емес, буындар үндесетіндігін зерттеуші ғалымдар мен практик үстаздар естен шығармағаны жөн. Түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің «буыншыл» (К. Жұбанов) тіл екенін кездейсоқ құбылыс деп қарамай, түркі тілдерінің іргелі белгілерінің бірі деп есептеу қажет. Осы жерде жол-жөнекей болса да, қазіргі жазуымыздың дауысты әріптің графикалық белгі ретінде үш бірдей қызмет атқаратындығын айта

кетейік: 1) буын құраушы элементті көрсетеді; 2) дауыстының ашық, қысан не дифтонг екенін көрсетеді; 3) буынның сингармонизм сазын көрсетеді (жуан, жінішке, еріндік, езулік).

Сонымен үнді-европа (оның ішінде орыс тілінде) тілдерінде сөздің оқудың (айтудың) орфографиялық ережелерін сөздік екпін реттеп отырса, түркі (оның ішінде қазақ тілінде) тілдерінде сөздердің оқылу (айтылу) нұсқаларын сингармонизм реттейді. Сингармонизмді түркі тілдеріне тән іргелі белгілердің бірі деп отырғанымыз осыдан. Үнді-европа тілдерінде дыбыстардың басын біріктіріп, сөз стіп ұйыстыратын сөздік екпін, ал түркі тілдерінде — сингармонизм.

Жазудың сөздің айтылуына ықпалы зор екендігін ескере келсек, жазу жүйесін ұйымдастыруға жауапкершілікпен қарау керек. Ендеше жазу ережелері сол тілдің фонологиялық заңдылықтарына телінгенде ғана жүйелі жазу шығады. Фонологиялық заңдылықтар ескерілмеген жағдайда немесе қазақ жазуын «И», «У» әріптерімен «жетілдіру» сипатты шешімдердің эсерінен тетелес ұрпақтың-ақ сөз сазында күрт өзгерістер болып жатады. Соның нәтижесінде үлкен-нің сөзі (дыбысталуы) кішіге, кішінің сөзі үлкенге түрлідей естіліп жатады.

Қазіргі кезде түркі тіл білімінде ортақ онтайлы транскрипция жоқ, сондықтан да түркі тілдеріндегі әртүрлі дыбыстар бір белгімен беріліп жатады.

Қазақ жазуының айтылумен сәйкес келмейтін сәттерін **атап** өтейік.

### Буын тіркесіне байланысты:

тіркес	жазылуды	айтылуы
1. и+я	акияды	ақыйады
2. и+ю	акиょ	ақыйүү
3. и+ю	тию	тійүү
4. и+ю	мөлию	мөлүйүү
5. и+я	конжияды	конжүйады
6. и+ю	көнтию	көнтүйүү
7. и+дауысты дыбыс	нық	ыйық
8. дауыссыз+и	аки	ақый
9. дауыссыз+и+дауыссыз	айниды	айныйды
10. дауыссыз+и+дауысты	абиыр	абыйыр
11. и+дауыссыз	изен	ійзен
12. дауыссыз+и+дауысты	ниет	ніjet
13. и	и	ій
14. дауыссыз+и	әлди	әлдій

15. дауысты+и	ау	ау
16. еріндік+и	монти	монтүй
17. еріндік+и	дүнки	дүңкүй
18. еріндік+у	кұлу	құлұу
19. еріндік+у	оку	окұу
20. у+дауысты	уыс	үүңс
21. у+дауыссыз	улы	үүлұұ
22. у	у	үү
23. у+дауыссыз	uledi	үүлөдү
24. у+дауысты	үәде	үүәде
25. еріндік+е	бөле	бөлө
26. еріндік+ы	бұдыр	бұдұр
27. еріндік+и	көніл	көңүл
Қорытынды ретінде, осы аталған максатты іске асыру қажеттігімен қазақ тексін абзац шеңберінде семантикалық-синтаксистік түрфыдан зерттеу тәжірибесінің бастапқы қадамдары жайлы қысқаша тоқтамақпыш.

Қазақ тексінің құрылымын зерттеуді біз үш түрлі стильді қамтитын текстердің негізінде қарастырмақпыш. Ол — публицистикалық стиль, көркем әдебиет және ғылыми-техникалық стильдердің қамтитын текстер.

Публицистикалық стиль ретінде «Қазақстан мұғалімі» газетіндегі 1986 жылдың қаңтар айы мен 1987 жылдың қаңтар айы ара-лығындағы мектеп реформасына байланысты: «Совет мектебі жаңа кезенде», «Алты жасарлар мектепке барады» атты рубрикамен басылып шыққан 35 мақала қарастырылады. Макаланың авторлары — Қазақстандағы мектеп мұғалімдері, арнаулы газет тілшілері, мұғалімдер білімін жетілдіру институттарының қызметкерлері және тілші ғалымдар. Аталған 35 мақала 503 текстік абзацтан тұрады.

Көркем әдебиеттерге жататын текстер қазактың белгілі жазушыларының шығармаларынан алғынған келесі әңгімелер:

- 1) С. Сейфуллин. Бандыны қуған Хамит, 102 абзац;
- 2) Б. Майлин. Қанды кек, 98 абзац;
- 3) М. Әуезов. Қек серек, 97 абзац;
- 4) С. Мұқанов. Эсия, 47 абзац;
- 5) F. Мұсірепов. Жапон балладасы, 92 абзац;
- 6) С. Ерубаев. Бахыт, 53 абзац.

Осы аталған алты әңгімеде барлығы 500 абзацтан тұратын 20 шағын текстер кездеседі.

Ғылыми-техникалық стильтеге жататын текст ретінде екі монографияның ішіндегі текстер алынды [16].

Екі монография бойынша алғынған текст ұзындығы — 500 абзац.

Сонымен, үш стильтеге қатысты текстер бойынша 1500 абзац құрылымы зерттелмек.

Тәжірибелі алғашқы қадамдары төмендегі жұмыстарды қамтиды:

1. Аталған текстердегі сөзколданыстарды тиісті сөз табына жаткызып белгілеу.
2. Сөз формаларды реестрлік сөзге келтіріп сегменттеу.
3. Әр текстегі мынадай төрт түрлі синоним сөздерді айырып белгілеу: лексикалық синонимдер, контекстік синонимдер, есімдіктік синонимдер, ассоциативті синонимдер.
4. Бөлек стиль бойынша әр абзацтың алфавитті-жиілік сөздіктерін алу.
5. Стильдер бойынша әр тақырыпшаларға қатысты сөздердің

жалпы жиілігі мен абзацтар санына тиісті жиілігі бөлініп көрсетілген — үlestірімді алфавитті-жиілік сөздікті алу.

6. Үlestірімді сөздік бойынша сөздер жілігінің кему ретімен түзілген — жиілікті сөздік алу.

7. Негізгі сөздердің потенциальды сөздігін алу.

Электронды есептегіш машина жәрдемімен алғынатын осы сөздіктердің материалдарын пайдаланудың негізгі максаты, әр текстің, әр стилдің негізгі элементтерін, яғни текстің негізгі сөздерін (опорные слова) айырып алу қажеттілігі.

Осы этапта алғынатын сөздіктердің материалдарының сапалылығы кейінгі этаптардағы тәжірибелер нәтижелерінің құндылығын арттыратыны сөзсіз.

Сонымен текстердің негізгі сипаттамаларын дұрыс анықтау әрі қарайғы абзац шенберіндегі семантикалық және синтаксистік зерттеулердің бірден-бір бастамасы болмақ.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Зубов А. В. Проблемы порождения текста. Ч. 1. Теория и алгоритмы. Минск, 1987. С. 77.
2. Виноград Т. Программа, понимающая естественный язык. М., 1976.
3. Марчук Ю. Н. Проблемы машинного перевода. М., 1983.
4. Невежина З. В. Структурно-семантическая организация сверхфразового единства в современном английском языке. Киев, 1971.
5. Russian literature — The Hague Paris, 1972. Р. 2.
6. Hartmann P. Zur antropoligischen Fundierung der Sprache // Symbolae Linguistical in honorem G. Kurilovich. Warsszawa, 1965.
7. Мер-Минасова С. Г. Словосочетание в научно-лингвистическом и дидактическом аспекте. М., 1981.
8. Марчук Ю. Н. Проблемы лингвистического анализа связного текста (Межфразовый уровень). Таллинн, 1975.
9. Агараскина С. Н. Структура абзаца в художественной прозе: (на материале романов Э. Хэмингуэя «И восходит солнце» и «Процай оружие»). Л., 1972.
10. Кацнелсон С. Д. Типология языка и речевое мышление. Л., 1972.
11. Аспекты общей и частной лингвистической теории текста. М., 1982. С. 192.
12. Новиков А. И. Семантика текста и ее формализация. М., 1983.
13. Гальперин И. Р. Текст как объект лингвистических исследований. М., 1981.
14. Проблемы текстуальной лингвистики. Киев: Изд-во КГУ., 1983.
15. Пиотровский Р. Г. Инженерная лингвистика и теория языка. Л., 1979.
16. Қалыбеков Т. Экология және ашық кен. Алматы, 1988: Қөшербаев К. Мінералдар әлемінде. Алматы, 1986.

## СӨЗ ТАПТАРЫНЫҢ СТАТИСТИКАСЫ

10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» [ҚТТС, 1] — жалпы әлеуметтік, мәдени, рухани өміріндегі аса елеулі құбылыс, лингвистикалық зерттеулер үшін де біршама жинакталған, жүйеленген, мол қазына.

Біз бұл макалада сөздіктің жалпы редакциясын баскарған Қазақ ССР Фылым академиясының корреспондент-мүшесі А. Ыскаковтың: «ҚТТС қазақ тіл біліміне жанадан талай ғылыми зерттеу жүргізуге әрі данғыл жол ашпақшы, әрі соларға құнарлы материал алуға пегіз болатыны айқын. Өйткені бұл сөздіктен (оның нақтылы материалы бойынша) ең алдымен, қазақ тілі лексикасының ая-көлемі шамаланбақшы, сөздердің тұлға-тұрпаттары, олардың сала-салалары айқындалмақшы; сөздердің семантикалық сыр-сипаттары, грамматикалық өзгешеліктері, стилистикалық ерекшеліктері бағдарланбақшы; сөздердің қолданылу аясы мен жұмысалу шенбері анықталмақшы; сөздердің өзара тіркесу қабілеттерін ашуға мүмкіндік тұмакшы, т. т.» [2, 499-б.] — деген пікірін қуаттап, осы бағытта аңғарған, анықтаган кейбір барлау, пайымдауарымызды баяндаймыз.

Сөздік «ең алдымен, қазақ тілі лексикасының ая-көлемін» нақты білуге мүмкіндік береді. Сонау алпысының жылдарда ағылшын тілінде 400 мыңдан астам, орыс тілінде 500 мыңға жуық сөз бар [3, 50-б.] деген сияқты жорамал пікірді ұшыратып, қазақ тілінде қанша сөз болуга мүмкін деген ой мазалайтын. Рас, содан бері де орыс тілінде әр түрлі сөздіктер дүниеге келді. Тек солардың ең көлемдісі ғана (17 томдық) жоғарыдағы жорамалдың ширегіне әрең жуықтады. Ал қазақ сөздіктеріндегі сөздердің саны отыз мыңның ортасынан (орфографиялық сөздіктің 2-басылуын айтып отырмыз) ұзап кете койған жок.

«Көп томды түсіндірме сөздіктің маңызы мен мақсаты және ғылыми-теориялық негізі жайында» айтылған алғы сөзде: «...түсіндірме сөздік... қазақ тілінің әрі толық сөздігі, әрі түсіндірме сөздігі есебінде жасалатындықтан... тіліміздегі сөздерді түгел қамтуды... мақсат тұтады» [4, 3-б.] — делінген және мұның өзі бірнеше рет қайталағанды. Міне, енді он томдық ҚТТС-тегі реестр сөздер мен фразеологиялық тіркестер де нақты анықталды: «сөздіктің барлық он кітабында 66 мың 931 атау сөз, 24 мың 498 фразеологиялық тіркес [2, 500-б.] қамтылған болып шықты. Бұл аз ба, көп пе? Бір қарағанда аздау болып көрінүі ықтимал. Дұрысы, бұл аз емес. Олай дейтініміз, осы уақытқа дейін қазақ тілінде қырық мыңды да

қамтитын сөздік болған жоқ. Оның үстіне әр томдағы сөздің саны да орыс тілінің 17 томдық [5] сөздігіндегіде көп болмаса, аз емес.

Әр түрлі (объективті, субъективті) себептермен сөздікке енбей қалып қойған сөздердің бар екені қазірде белгілі болып отыр. Және ондай сөздердің саны санаулы емес, елеулі деуге болады. Мәселен, біздің анықтауымызша, тек а әрпін тағы да бір жарты мыңдай сөзбен толықтыруға болар еді. Эрине, мәселе тек сөздің санындаға емес, мәнінде екені белгілі. Алайда санды да елеуіз нәрсе деп қарауға болмас.

Реестр сөздердің түсін түстеп, түрін анықтап алған соң, оларды лексика-семантикалық жақтан айқындау түсіндірме сөздіктің неғізгі мән-мағынасы болса керек. Бұл тұрғыдан ҚТТС-тің қол жеткен табысы, өзіндік шабысы басы ашық айқын, дегенмен ара-тұра мұлт кетіп жататын тұстары да жоқ емес. Бұл — өз алдына жанжакты талдауды қажет ететін күрделі мәселе.

ҚТТС-те реестр сөздердің әрқайсының сөз табына қатысы көрсетілген. Сөздерді таптастырудың принциптері айқын болғанмен, тілдегі әрбір сөздің грамматикалық табиғатын жазбай тану іс жүзінде аса қызын екенін мойындау керек болады. Соған қарамастан сөздікті жасаушылар әр сөздің тұсына сөз табын көрсетіп отырған. Мұның өзі сөз таптарының ара салмағын анықтауға, олардың тілдегі үлесін нақты білуге мүмкіндік береді.

Статистикалық зерттеулерде жекелеген текстердегі сөзформа, сөзқолданыстар сөз таптары тұрғысынан айқындалып, ара салмағы ажыратылып баяндалып жүр [6].

Жеке шығармада кездесетін сөздерді сөз таптарына қарай топтастыру, олардың проценттік үлес-салмағын айқындау алғаш (17 мыңдай сөзден туратын) М. Әуезовтің «Абай жолы» романы тілін статистикалық зерттеулерде колға алып, іске асты [7, 9-б.]. Екі томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (1959, 1961) 18 мыңдан аса сөз бар. Біз оларды сөз табы тұрғысынан анықтадық. Ең негізгі сөз таптары: зат есім, сын есім, етістік және үстеудің осы екі шығармадағы проценттік үлесі мынадай:

Сөз таптары	2 т. ТС	«Абай жолы» романы
Зат есім	46,8	39,85
Сын есім	15,77	24,32
Етістік	33,29	26,25
Үстеу	2,74	4,72

Бұдан сөз саны жағынан жуықтас сөздік пен романда сөз таптарының проценттік көрсеткіші бір-біріне сәйкес келмейтіндігін

аңғару қын емес. Стильдің түріне қарай сөз таптары да әр түрлі колданылатындығы айтпаса да түсінікті.

ҚТС — тіліміздегі сөздерді мүмкіндігінше толық қамтуды мақсат еткен бірден-бір құнды еңбек. Сөз таптарының мұндағы үлес-салмағы олардың тілдегі объективті қалпын барынша толық таныста алады деп ойлаймыз. Төмендегі кестеден сөз таптарының әр томдағы және тұтас сөздіктері санын және олардың проценттік үлесін көруге болады.

1 - кесте. ҚТС-тегі сөз таптарының статистикасы

Сөз табы	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	барлығы	%
Зат есім	1857	2372	1695	2075	1540	1477	2302	2142	1578	1933	18971	28,33
Сын есім	1139	1570	1374	1292	1264	1043	1453	1244	1079	1035	12493	18,66
Етістік	1582	2504	3326	3025	2101	3250	3341	3774	4335	3268	30506	45,58
Үстегу	454	323	328	292	190	160	232	133	170	152	2434	3,64
Сан есім	6	13	26	12	—	1	12	11	5	4	90	0,14
Есімдік	30	19	14	12	18	13	29	8	7	1	151	0,23
Шылау	18	14	25	6	2	7	15	15	14	5	121	0,18
Еліктеу	2	18	33	9	4	27	9	23	15	31	171	0,26
Одагай	52	34	34	6	6	11	33	4	16	19	215	0,32
Әр түрлі	170	265	188	156	120	192	115	298	111	158	1774	2,66
Барлығы	5310	7133	7043	6885	5245	6186	7541	7652	7330	6606	66931	100,0

Қазақ тілінде тоғыз сөз табы бар. Кестеде оныншы болып әр түрлі деген сөз түр. Мұны былай түсіну керек. Сөздікте кейір реестр сөздер тіркес түрінде берілген. Мысалы, *Ай-түй*: Ай-түйге қарамады. *Айыз*: Айызы канды. *Арс*: Арс етті. *Арса*: арса болды т. т. Еліктеу сөздер т. б. көбіне осылай берілген. Сөз табы көрсетілмей қалған сөздер де кездеседі. Қырық шакты сөздің тұсында модаль деген белгі бар. Сондай-ақ көмекші сөз деп көрсетілген үш сөз ұшырайды. Міне, реестрден орын алған осындай сөздерді топтастырып, «әр түрлі» (сөздер) деуге мәжбүр болдық.

Кестеден нені аңғаруға болады? Лексикамыздың сөз таптары на қатысы нақты процентпен көрсетілген. Мұнда зат есім, сын есім, етістіктердің тілдің негізін қурайтыны, олардың үлес-салмағын аса елеулі екені айқын сезіледі.

Әдетте, сөздік құрамының дені зат есім сөздер делінеді. Кестеден байқалатыны, ҚТС-тегі реестр сөздердің жартысына жуығы етістіктер болып түр. Әрбір үлес-салмағын аса елеулі екенін айқын сезіледі. Өйткені сөздікте грамматикалық көрсеткіш реңде қимыл атауы, етістіктердің т. б. түр-түрі алынған. Біз бұларды біріктіріп етістік түрінде алып отырмыз. Реестр сөздердің грам-

матикалық табиғатын дұрыс тану үшін мұны (етістікті) кесте түрінде арнайы көрсеткен дұрыс болар.

Сонда тұсында етістік белгісі қойылған сөздердің саны 8387. Бұл сөздіктегі реестр сөздің 12,51 проценті болады да, етістіктің үлесі азая түседі. Оның үстіне осы етістіктердің қатарында 500-ге жуық -ыңғыра, -іңкіре формалы сөздер де жүр. Бұл жүрнақтың жалғану мүмкіндігі жоғары екенін ескерсек, оны алу мәселесі ойлануды қажет етсе керек.

### 2 - кесте. Етістік және оның формалары

Етістік	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	Барлығы	%
Етістік	668	837	691	853	867	908	818	901	947	897	8387	27,49
Ким. ат.	424	904	1806	1474	618	1566	1657	1744	2212	1470	13865	45,45
Өзгел.	258	434	476	399	347	455	493	563	663	566	4588	15,36
Ортақ	79	95	132	114	100	146	129	221	179	150	1345	4,40
Ырықс.	113	145	155	170	120	137	189	286	258	147	1721	5,64
Өздік	41	49	64	26	50	38	55	60	77	49	500	1,63
Барлығы	1583	2495	3327	3023	2102	3251	3342	3775	4335	3239	30506	99,97

ҚТТС-тегі сөз таптарының үлес-салмағын анықтау үстінде бізді реестр сөздердің лексика-грамматикалық, лексика-семантикалық табиғаты, кейбір сөздердің әдеби тілге катысы көп ойландырыды. Мәселен, қымыл атауы формасының реестрден орын алуы қашшалықты заңды. Сөздіктің «түсіндірме» деген атына сай келмейтін, мағынасы ашылмаған қымыл атауы, етіс формаларының саны 22 мындан асып, барлық сөздің 33 процентіне жуыктайды. Мұның өзі — ҚТТС-тің үш томы тек осы формаларға ариналған цитаталардан тұрады деген сөз. Сондай-ақ басқа сөз таптарының да (сын есім, сан есім т. б.) грамматикалық формалары ұшырайды.

Реестр сөздердің санын көбейтуде сөйлеу тілі (сөйл.), диалект (диал.), жергілікті (жерг.), т. б. сөздердің де үлесі бар. ҚТТС-те сөйлеу тіліне тән 2158, диалект деген белгімен 595 сөз берілген. Санға бар, әдеби тілдейтін сапаға керегар бұл сөздер де жарты том болады. Сонда ҚТТС-те лексикалық мағынасы түсіндірілмеген, түсіндірілсе де әдеби тіл талабына сәйкес келе бермейтін сөздердің саны 25 мындан асып түседі екен. Мұның өзі тіліміздің лексикалық байлығы, реестр сөздердің жай-күйі туралы әлі де қатты ойлануды қажет етеді.

Қысқасы, біз сөз таптарының ҚТТС-тегі үлес-салмағын қыска қайырып, кесте түрінде көрсетумен шектелдік, оны терен талдау — алдағы жұмыс.

## ЭДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 10 томдық. Алматы, 1974—1986.
  2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 10-т. Алматы, 1986.
  3. Жуков Дм. Переводчик, историк, поэт. М., 1965.
  4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, I-т. 1974.
  5. Словарь современного русского литературного языка. М., Т. 1—17. 1948—1965.
  6. Қазақ текстінің статистикасы. Алматы, 1973.
  7. Бектаев К. Б., Жубанов А. К., Мырзабеков С., Белботаев А. Б. М. Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі. Алматы, 1979.
- 

К. Б. БЕКТАЕВ, А. Р. ЗЕКЕНОВА

## М. О. ӘУЕЗОВТІҢ ДРАМАЛЫҚ ШЫГАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ совет әдебиетінің ғана емес, барша совет әдебиетінің лайыкты мактандырышы, ойшыл да ғұлама классик жазушы М. О. Әуезов творчествосын зерттеу, оның сөз салтау мәнерінің қыры мен сырын ұға тусу үрпактардың барлығының да қасиетті борышы деп үғынса ешкімге де артық болмас деп білеміз.

Халқымыздың телегей-теніз бай халық тілін сошшалыкты шгерсө отырып, тарих пен әдебиет, этнография мәселелеріне де бойлай білген жазушы көркем әдебиеттің барша жанрына да қалам тартқан, кей жанрдың алғашқы негізін салған. Алғаш пьеса жазып, оның казақ театрының бет пердесін тұңғыш өз драмасының қойылуымен тұсаудың да кескен. Ол пьесаның күні бүгінге дейін де қазақ театрлары сахнасынан түспей келе жатуының өзі де М. О. Әуезов пьесаларының өміршендігінің дәлелі болса керек.

Біздің зерттеуімізге тиесілі болған жазушының бұрынырақта шыққан 12 томдық шығармаларындағы уш томнан тұратын 22 драмалық шығармалары, оның 4-еүі аударма болса, өзгесі өз төл туындылары. Жуырда ғана 20 томдық шығармалар жинағы басылып шыққанымен, мұнда, да толық драмалық шығармалары камтылды деуге болмайды.

Алдағы уақытта шығарылуы ойластырылып отырган 50 томдық шығармалар жинағында драмалық шығармалары түгел камтылар деген сенімдеміз.

М. О. Эуезовтің драмалық шығармаларының тілін зерттеудегі негізгі мақсатымыз — бұл жаңр тілін өзге жаңр шығармаларының, тілімен, атап айтқанда эпопея, әңгімелері, повестері, очерктері, сондай-ақ басқа автордың драмалық шығармаларымен көркем әдебиеттің басқа да салаларымен, яғни балалар әдебиеті, ауыз әдебиеті ултілерімен, әрі функциональдық стильдің өзге де түрлөрімен (публистика, гылыми стиль) салғастыру негізінде шығармандың жан-жакты жаңрлық, тілдік, стиллистикалық ерекшеліктерін көрсететін тілдік құбылыстардың авторға ғана тән өзіндік ерекшеліктерін айқындай түсу. Осылайша жазушының драмалық шығармалары тіліндегі стильдік ерекшеліктерді басқа жаңрлар мен стильдер сөздіктерімен салыстыра отырып, автордың дәл осы жаңрның ғана тән жаңа сөздер жасау үлгісін, морфологиялық, грамматикалық тұлғаларды пайдалану шеберлігін, тіліміздегі бай қорды қаншалықты шебер мемгергендігін, жаңа магыналар үстей білу, сөз жасампаздықтағы алдына жан салмайтын шеберлігінің сырь мен қырын ашып, айқындай түсуге талпыныс жасадык. Алғашқы әрекетті сол сөз топтарын индексациялаудан бастадық, олар зат есімді — 3, сын — 6, сан — а, етістік — ҹ, үстене — ю, шылау — ш, одагай — о, еліктеуіш — л, модаль, бейтарап, әртарап сөздерді — 5, көмекші есімдерді — 1 деп 3 томдық пъесаларды сөз топтарына ажыратып отырып, алфавитті көрі алфавитті, ЭВМ-ның көмегімен жілілік сөздіктерді алдып, сол сөздіктерді тілге тиек ете отырып талдаймыз. Зат есімді сөз табына ажыратуда да бірнеше жік-топтарға бөліп ажыраттық, кісі аттары — 2, жан-жануарлар аттары — ж, географиялық атаулар — ә, мемлекет, ру, тайпа агтары — р, бас әрпінен қысқартылған сөздер — с, кітап, окулық, шығарма, еңбек аттары — б, мәдени-тұрмыстық атаулар — м, астрономиялық атаулар — н.

Пъесалардың жазылу үлгілері бөлек-бөлек, кейбіреуі өлеңмен («Айман—Шолпан», «Бекет», «Қара қыпшак Қобыланды», т. б.) біреулері кара сөзбен («Бәйбіше, токал») енді біреуі арамас — («Еңлік — Кебек», «Қаракөз» т. б.). Алынған сөздікке жүргіне сөйлесек, жалқы есімдер мен атауларды қоспағанда — 18 төл, 4 аударма пъесаларында барлығы 11814 сөз қолданған, ол сөздер 297000-дай сөз қолданыста жұмсалған, оның ішінде 52647 сөз қолданыс тек авторлық ремаркаға тиесілі де, қалған 245305-і кейіпкер тіліне тән екенін аныктадык.

Ал роман жанрында (4 томдық эпопеяда) барлығы 16983 сөз қолданғаны айқындалған-ды, сонда 466 мыңдай сөз қолданыста он жеті мыңдай сөзбен-ақ (әрине ол сөздер грамматикалық тұлға, формалармен күлпырта, өзгертіле қолданылды ғой), соншалықты өлмес мұра қалдырған екен.

Пъеса жанрының өзіне тән дәлелдеуді қажет етпейтін өзгеше-

лігі сол — жалқы есімдердің авторлық ремаркаменен молынан кездесетіндігі. Оған айғақ 2474 сөз (8896 сөз қолданыста) жоғарыда аталған атаулар аттарына тән болды, ал бұл роман жанрында бір мын сөздің үстінде ғана кездескен еді, ал мұнда 2,5 еседей көп қолданылуының өзі осы стильдің өз ерекшелігінің бір қыры десек те болғандай, себебі төрт томдық эпопеяда соншама шытырман оқиғалар мен олардың арасындағы талас-тартыс, әңгіме-дуken, қарым-қатынастар драмалық қысқа оқиға жүйелеріне ғана арналып жазыла тұрса да, бұған авторлық ремаркадан басқа толып жатқан антропонимикалық атаулар үстеле бергенде, зат есімнің үлесінің көбін осындай жалқы есімдер алатыны байқалды.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде барлық пьесаларында сөз таптары жағынан ен мол қолданылғаны етістіктен соң зат есім екен. Тіл — тілдердегі зат есім үғымдар мен түсінік, оқиғалардың, абстракциялық зат атаулары ретінде ен мол пайдаланылтыны, өздеріне тән дербес толық лексикалық мағыналары бар неғізгі тірек сөздер екені белгілі. Сондықтан да зат есім сөздері адам қатынас құралы тілдің неғізгі қаңқасы іспетті боп келетіні аян. Міне, сондықтан да болар әңгіме мен пьеса жанрларында болмаса, қалған романдары, повестері және очеркінде де М. О. Эуезов зат есімдер тобын басқа сөз таптарынан жоғары жиілікте пайдаланған. Барлық сөз қолданыстың бестен бір бөлігіндегі, яғни 245505-тің 56574-і зат есімге тиесілі болып шықты, бұл пьесалардағы әрбір бесінші сөздің заттың атауы болып келетіндігін дәлелсіз-ак көрсетіп тұр.

Сондай зат есім сөздерді тұлғасы жағынан топтай келгенде жартысына таяуы тек түбір формасында қолданылғаны таңқаларлық жай деп білеміз (24670, 4530), ал енді жалғаулардың түбір әрі туынды зат есімдерге үстелу жайына ойыссак, онда барлық сөздің 80 проценті септік жалғауларының үлесіне тиеді екен, өйткені мұнда атау септігі тұлғасына тәуелделуулі де, жіктелулі де, көpteулі де зат есімдерге ене беретіні мәлім фой.

Ал егер жалғаулардың үлесіне тоқталатын болсак, олардың жалғану реттері былайша болады екен: септік жалғаулары — 63,93 процент, тәуелдік жалғаулары — 30,64 процент, көптік жалғаулары — 2,88 процент, жіктік жалғаулары — 2,3 процент. Негізгі сөз байланыстырыштық қасиет септік жалғауларының ен үнемділігін айқындаса, септіктердің жұмсалу мүмкіндігі жағынан орындары ауысып кетеді екен: ен алдымен атау, одан соң табыс, барыс, ілік, шығыс, жатыс, көмектес болып кетеді. Септік жалғауларынан кейін пьесалар тіліндегі молынан жұмсалғаны тәуелдік жалғауы екен де, ен төменгі мүмкіндікте қолданылған жалғаулар жіктік және көптік жалғаулары екендігі анықталды. Бұның өзі қолданылуы мен жұмсалуы жағынан зат есімнің септік жалғауларының

атқаратын тілдік қызметтерінің молдығын тағы да дәлелдей түсіп отыр.

Ал енді осы барлық жалғаулардың көбі бірінің үстіне бірі үstemеленіп жалғанып келіп отыру жайттары жиілігі жағынан төмен болғанымен түрлене қолданылуы жағынан молынан кездесіп отырады. Мәселен, септік жалғауларының ішінде *ды* — жалғауы 1928 жиілікте, *ын* — 1141, *ін* — 840, *ге* — 700, *қа* — 666, *ға* — 826, *ына* — 554, *ди* — 711, *да* — 512 — кездесті. Алайда, қолданылу мүмкіндігі жағынан ең жоғары жиілікте ұшырасқан дара күйіндегі тәуелдік жалғаулары болды: *ы* — 1966, *ым* — 1653 сөз қолданыста, *і* — 1452, *ім* — 770, *ың* — 692, *м* — 595 тәрізді болды. Ал енді аз қолданылған көптік жалғауларының ең жоғары жиілікте ұшырасқаны сөзқолданыста 363 рет кездесті.

Агглютиннативті тілдің қасиетіне-тән жалғамалылықтың өзі нағыз тұрақты қасиет екенін көрсетті, себебі барлық зат есімдерге жалғанған жалғаулардың көшілігі екі түрлі, үш түрлі, кейде төрт түрлі жалғаулармен косарланып алmasып келіп отырады екен. Тіліміздегі зат есімдердің пьесалардағы жұмысалуына қарап отырсақ барлық қолданылған сөздердің жартысына жуығын қурайды екен. Егер тұлғасына карай топтап, жіктей келсек, онда бұл сөз табының 39, 32 проценті тек түбір тұлғасында қолданылғанын байқайдық. Мұның өзі ең молынан кездесетін сөздерді жалғаулармен түрлендірмей-ақ көлтеп шебер пайдалануға болатынын дәлелдей отыр. Солай десек те сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді, айтайын деген ойды әрлеп, ұғымдырак, әсерлірек етіп айту үшін аффикстердің атқаратын ролі аса мол екені белгілі. Мұндай жайларды біз тұтас барлық пьесалардағы зат есімдерге тұлғалық талдау жасай келгенде бірден анғардық, өйткені 31770 сөз қолданыстың барлығы түрліше жалғау формаларымен өзгере қолданылған екен.

Бұрынырақта шыққан мақалада біз тек бір пьесаның өзінде ғана 200-дей жалғау форма вариантарының барлығын анықтап айтқан едік, ал барлық 22 пьесада сөзқолданыс көлемі бірнеше есе өскенімен де жалғаулармен түрленудің онша көп өсе бермейтіні байқалады.

Филология ғылымдарының кандидаты Э. Ахабаев публицистика тілін зерттей келе барша 1500000-дай сөзқолданыс ішіндегі зат есімдердің барынша мол мүмкіндікпен түрлене алатын ерекшелігін танытып, 496 түрлі жалғау вариантарымен өзгеретінін айқындалап берген еді. Бұндай жағдай көркем әдебиет үлгілерінің ешбір жанрында болмағанына қарағанда публицистика стилінің өзіне ғана тән жалпы халыққа ұғымды, бай әдеби тіл үлгілерін барынша мол пайдаланатындығын дәлелдей отыр. Міне, бұл, осы публицистика стилінің өзіндік бір үлкен ерекшелігі болып шыққан-ды.

Әйткені көлемі жағынан бұдан екі сең үлкен М. О. Эуезовтің драмалық шығармаларында 300 000-дай сөзқолданылыс небәрі 435 түрлі жалғау вариантының барлығын анықтады.

F. Мұсіреповтің («Ақап сері Актоқты») пьесасы мен М. Эуезовтің «Еңлік Қебек» пьесасын салыстыра келгенімізде сондайлық бір зат есімнің түрленуі жағынан басы артық ерекшелену байқала да койған жоқ еді. Мұндай жағдайдың өзі драма стилі ыңғайы мен тілдік шеберліктері жағынан сошалықты бір нұқсан келтіре коятын нәрсе емес екен-ау деген тұжырымға әкеп тірдейді.

Бұдан қорытындылауға болатын нәрсе: көркемдігі жоғары жақсы көркем әдебиет шығармаларын жазуда сөзді, әсіреле зат есім сиякты молынан жұмысалатын сөз табын түрлендіре қолдану шығарма тілінің көркемдік дәрежесін анықтайтын бір шкала (деңгей) бола алмайды екен демекпіз.

Бұндай жағдай көркем әдебиет үлгілерінің ешбір басқа жанрларында аз болуына қарағанда публицистика стплінің өзіне ғана тән жалпы халықта ұғымды да қарапайым, түсінікті халық тілінің үлгілерін барыниша мол пайдаланатынығын тағы да бір дәлелден отырган тәрізді.

Казак тілі стилистикасын зерттеген ғалымдар (Балақаев М. Б., Мұсабекова Ф. М., Е. Жұбанов, Е. Жаппейісов, М. Томанов т. б.) сөздердің стилядік ыңғайда жұмысалуы жайлы айтканда, олардың сол өз мағынасынан онша көп ауытқымай тек қана бір көп қолданыла бермейтін, кейде көзге елеңіп, ерекшеленбейтін жағдайларға не болу сәті деген пікірлерін біз де макұлдаймыз.

Мысалы үшін, кісі аттарына көптік жалғауларының жалғануы кездесіп отырады, мұның өзі сол адамдардың барлығының атын атап, түсін түстеп жатпай-ақ, ойды тұжырымдап беру, қыскарту мақсатында бірді-екілі аттар аталысымен автордың ықшамдатың-қырау үшін қолданған бір өзіндік стплідік ерекшелігі деп ұғынуға болады, өйткені әр адамның аты бірнешеу емес, бір-ақ ат болатыны белгілі ғой.

Оған мынандай мысалдар келтіруге болады: Абайлар, Қебектер, Сырымдар, т. б. қашанда да драматургия жанрына, стиліне тән нәрсе сөйлеу тілінің басым болатындығы, өйткені драманың оқиға түзілісінің өзі кейіпкерлердің диалогына негізделіп шешіліп отырады ғой. Қебіне қыска келген кейіпкер диалогтарындағы ой қысқа тұжырымдармен айтылатын сөйлеу мәнеріне байланысты сөздердің түрлену аясы тар болуы заңды болар.

Қәлемі пьесалардың жартысындағы публицистикада зат есімнің 496 түрі форма-варианты болса, бұл стильде ол небәрі 435 қана, алайда бұдан пьеса тіліне нұқсан келді деуге болмайды. Каита аз да болса мәндеп айтылған деп түйіндеуге болады. Бұткіл зат есімнің жалғаулармен жеке үстемеленіп түрленуін мына кес-

теден көргө алады: (р — түбір, с — септік, ж — жіктік, к — көптік, т — тәуелдік жалғауларының белгілері).

**Зат есімнің тұлғаларының өзгеруін анықтайтын кесте**

Жалғаулардың үстелу рет тәртібі	Жалғау түрлері	Сөз формасы	Сөз- колданысы
P	—	3199	20589
P—C	35	3714	9807
P—T—C	135	4121	9471
P—K—C	302	443	657
P—K—T—C	85	404	554
		8782	20479
P—K	6	460	1229
P—Ж—К	17	11	11
P—T—Ж—К	6	6	6
P—C—Ж—К	1	1	1
		478	1247
P—Ж	11	311	312
T—T—Ж	33	365	555
P—K—Ж	85	41	47
P—T—T—C—Ж	1	1	1
P—T—C—C—Ж	2	2	2
P—K—T—T—Ж	1	1	1
P—T—C—Ж	12	17	18
P—C—Ж	6	10	10
		648	946
P—K—T	18	280	459
P—T	10	2508	8624
P—T—T	3	4	5
		2792	9088
P—T—Д	4	27	47
P—K—T—Д		1	
19 Барлығы:	435	15899	52359
түбір тұлғаны			
алып тастағанда	435	12700	31770

Жаир тіліндегі зат есімдердің түрленуі үлесі жағынан септік жалғауларына тиеді, олардың қолданылу реті алдымен атау тұлғада. Себебі атау септігі тұлғасына көптік, жіктік, тәуелдік жалғауларының формасындағы сөздердің көбі еніп кететіні белгілі. Ал жалпы септік жалғауларының ішіндегі өнімдісі табыс, одан кейін барыс, ілік септіктері, ал қолданылу жиілігі жоғарылығы жағынан алда тұратын тәуелдік жалғауының I, III жактарындағы сөздер ы — 1966, ым — 1653, і — 1452, ім — 770 т. с. с. болып кете барады.

Пъесалардағы жалғау түрлерінің ішінде жалғауларының  $\frac{3}{4}$  302 түрлі форма-вариантта 20479 сөз қолданылса, жіктік жалғаулары-

ның 85 түрі 946 ғана сөзқолданыста, ал 31 форма варианттагы тәуелдік жалғаулары 9088 сөзқолданысты қамтыған. Бұдан байқалатын жағдай: сөзқолданысы жоғарылау жалғаулардың форма варианттары азаяды еken де, керісінше аз қолданылатын сөздердің түрлешу, өзгеру қабілеті мол болатыны көрініп түр.

Бұл да драма жанрының өзіндік ерекшелігінің бір қырын айқында беріп отыр. Жалғаулардың жалғану тәсілдеріне көз жүгіртсек жалғызы жалғанған жалғау формасындағы сөздердің сөзқолданысы жоғары болғапымен, сөздерге барынша мол жалғану мүмкіндігі бола тұра, сирек қолданылса да барынша көп форма вариантта кездесуі үстемеленіліп жалғанған түрлерінің үлесіне тиеді еken. Әсіресе тәуелдік-жіктік, көптік-септік, көптік-жіктік, көптік-тәуелдік, септік-жіктік, жіктік-көптік, тәуелдік-септік жалғаулары.

Сонымен қоса автордың кейіпкерлерін сөйлету, олардың ойлауын өсерлі де ықшамды, эмоционалды түрде жеткізу ыңғайында көптеген зат есімдерді қосарлап, біріктіріп, әдейілеп бұза сөйлету, я болмаса сол күйінде, кейіпкердің білімі мен ой-өрісі дәрежесі, тіпті ұлтына да қаратып сөйлетіп жіберетіні бар.

М. О. Әуезовтің драмалық шығармаларының тілін әдейі зерттеген көптеген ғалымдарымыз жазушының өлмес мұра бол саналатын драмалық шығармаларының тілін көбіне әдебиеттік ыңғайда зерттей отырса да, жаңағыдай кейіпкерлер аузына саф алтындаі сомдалған сөздер салып сөйлете білген деп туйіндеғен.

Сондай-ак, зат есімнің ішінде көптеген, жоғарыда атап көрсеткендегі жалқы есім сөздерінің молынан ұшырасқанын баса көрсеткіміз келеді. Адам аттары жайлы сөз болғанда жазушының кісі есімдерін де турленте отырып атағанын байқауға болады. Бұл ретте өзімсінген, еркелеткен, сый-құрметпен, көніл-күйі жайына орай атағаны байқалады, оған—жан, -еке, -тай, -иши, -ша; формуласын үстен арқылы шебер келтіре білген, мысалы: Асюша, Алуаш, Зуратай, Шәкентай, Еңлікжан, Зережан, Құбекжан, Құнеке, Қәке, Дәүке, Рәштай т. б.

Сондай-ак демеуліктердің -ай, -ау, -ақ сиякты түрлерін тіркеп атаудың да диалогтерде біршама стильдік ретте қоланылғанын көрсетеді. Атап айтатын нәрсе, жалпы зат есімдермен катар, кісі есімдерінің ішінде де, аударма туындылары болғандықтан әрі өз кейіпкерлерінің ұлтына орай басқа ұлт тіліндей адам аттары да мол ұшырасады.

Кейде өз орнымен әдемі ыңғайда есім туғызып айтып жіберетіні де бар, мысалы Қекжал, Қөрпебайстан т. б.

Осының бәрі автордың шеберлік мәнерін әрлеп, ұштай тұсу, кейіпкер, оқиға, сюжет, талас-тартыс суреттеулеріндегі жанрлық сөз саптаудағы өз өрнегінің бірі болса керек. Түбір тұлғадағы

адам аттары 820 сөздің 5386 сөзколданысында кездескен және басқа зат есімдер тәрізді жіктеліп, септеліп, тәуелденуі занды күбылыс болса, ал енді кісі аттарына көптік жалғауының жалғануы тек қана жазушының осы жанрдағы ең басты стильдік ерекшеліктерінің бірінен саналса керек. Мысалы: *-лар, -тар, -дар, -терің, -ларың, -дер, -лер, -тер, -ңдар, -тері* тәрізді формалар кісі аттарына жалғана колданылған. Әсіресе, драматургтің жалқы есімдер ішінде стильдік ынғайда кісі аттарын колдан жасап жіберу, адамдарға ат қою шеберлігі де кейіпкерлер аузына әдемі салынып отырады: Қозжақсым, Молдажігіт. Бұл атаулардың айтылуының өзі оқиғада, кейіпкерлер арасындағы қарым-катастың ұлттық дәстүрдегі үлкеннің атын атамай, ізет сактау тәрізді, сыйластық, кадірлестікті білдіретін стильдік қызмет аткарып түрған жалқы есімдер.

Сонымен катар зат есімнің ішінде көмекшілік қызметін атқара колданылған біраз сөздер ұшырасады, олар: *алд, арт, маң, қас, жан, аст, үст* сиякты көмекші есімдер де, негізгі лексикалық есімдер ажыратылуы үшін, бөлек индекс койылып өз алдына топталынып алынды, сөйтіл өз алдына бөлек сөзтізбе түзілді.

Сондай-ак, пьесалар сөздігінде жер-су атаулары, астрономиялық атаулар, ру, мемлекет атаулары, жануарлар аттары, бас әріптен қыскартылған сөздер, мәдени-тұрмыстық атаулар мешек окулық, шығарма, газет-журналдар атаулары да индекстермен белгіленіп, бөлек ажыратылды. Бұлардың ішінде әсіресе географиялық атаулардың бәрінен де өнімдірек түрлене (барлығы 1674 сөз колданыста) колданылғанын, — 778 сөз формасында ұшырасқанын айтсақ та болады. Иттіхан, Жерсібір, Шытырымпар тәрізді жер атауларын өз орнымен колданғанын аңғардық.

Кейде пьеса текстерінің ішінде бас әріппен берілген ру атаулары, бірде кіші әріппен де беріледі, алайда біз оған карамастаң түгелдей белгілеп өз алдына топтастырудың, олардың саны пьесаларда 144 сөзформадағы 490 колданыстан тұратын сөздер, оның ішінде барынша көп колданылған ру аттары тобықты, борсак, арғын, найман тәрізді атаулар болып келеді. Сондай-ак жалғаулармен өзгеріп колданылған 140 сөзформасында 325 сөз бас әріппен қысқарған сөздер болып кездесті.

Енді тоқтатын жәй, зат есімдердің ішінде 8 түрлі ұлт өкілдерінің кейіпкерлерінің қатысуына байланысты, кейде сол ұлттардың кейіпкерлері өз тілінде араластыра сөйлеп жіберестіндігі. Олар орыс, украин, қырғыз, татар, өзбек т. б. тілдеріндегі сөздер. Әрине автор мұндай жайларда әдейі айтқалы отырган ойының, оқиғасының, іс-әрекетінің, солардың мінез құлыктарының қырсырын жайып салып, көз алдымызға келтіру максатында, өзіндік бір жанрлық әрі стильдік ынғайда жұмсағанын байқауға болады. Немесе кейіпкерлердің аузына нешетурлі күлкілі сөздер салып, кей-

іпкерлердің қалпын, мінез-құлқын дәлірек көрсете мақсатында сөйлемтік жібереді: жан-жананым, Қөрпебайстаным, көзелім, т. б. сөздер. Бұлардың бәрінің ешбір артықтығы жоқ, қайта сондай реттілігімен, өрексл көрінбей, құлакқа сол кейіпкерлерден тек қана сондай жайларды күтетіндегі күйге туғыреді.

Зат есімнің сөз құрамын қарап отырсақ мұнда сондай-ақ дублет сөздерді де молынан кездестіруге болады екен, олардың да орфографиялық жүйеге келе бермейтін тұлғалары пьесалар тілінде орынды пайдаланылып тұрған іспетті, себебі бұндай жағдай бұл жаңардың бір тілдік өзгешеліктерін айқындағы түсіп тұр, әрі сөйлеу тіліне жақындау екенін анадайдан-ақ мегзеп тұрғандай.

Мысалы бір газет сөзінің мынадай вариантының қатар жүреді: газит, газета, кәзиті; сол тәрізді дұшпан: дұшпан, душпан, дұспан; дозақ, тозақ; тажал, дажал; ғаделет, әделет; конфиске, кәмлеске, қописке т. с. с. болып 100-ге тарта дублет вариантын бар екен.

Шығарманы оқып отырған оқушы, бұл дублеттерді әдеби нормага келмесе де өз орынмен автордың өзіндік бір тілдік ерекшеліктерін айқындастырып факторлары ретінде қабылдайды. Эрине мұндағы жағдайлар туралы публицистика стилінде, сондай-ақ ғылыми стилінде сөз қозғауға болмайтыны стилдік ретте түсінікті нәрсе, алайда драма жанрында автор кейіпкерлерін қалай сөйлемдесе де өзі оның білімі, мінез-құлқы, өзіндік бір ерекшеліктері, оқығадағы іс-әрекетке тікелей қатысы тіпті қөніл күйіне де байланысты аузызекі сөйлеу тілі үлгісімен де сөйлете алған.

Бұл автордың айттар ойын әрі ұтымды, әрі ұғымды, әрі сенімді әрлендіру, сондай бір белгісіздеу, көзге кораштау сөйлеу тілі сөздері арқылы да тамаша стилдік өз мөнерін көрсеткен-ау деген ойға тірелесін.

Сонымен, айтайын дегеніміз: М. О. Эуэзов драмалық шығармаларының осындай қаралайым, сөйлеу тілінің — халық тілінің мол байлығына сұнғы отырып, барыша әрлендіре, өзгерте, кейде жаңа мағына үстей де орынды пайдалана алған, жай бір қарадүрсін тәрізді сөздермен-ақ, құбылта отырып қандай тамаша сценалық образдар туғызғанына танқалған үстіне таңдана бересін. Біз мұнда тек зат есімдердің ғана драмалық шығармалардағы сөздердің көздесу жиілігі, жалғаулармен және жұрнақтармен құлпыра түрленуі, олардың түр-түрлеріне, үстемелену жағдайларына біраз тоқталу арқылы, автордың өз төл туындылары мен аударма туындыларындағы деңгелегендегі деген сөз табының сөз колданыстарына тоқталғанда, айтартымыз: пьесалардағы әр айтылған сөздің алтынан бірі зат есімге тиесілі және автордың өзіндік ерекшеліктерінің көбі де осы сөз табындағы негізгі лексикалық мағыналы сөздерге байланысты ғұлдене, құлпыра шықкан деген тұжырымға келеміз. Жаңа сөз жасау шеберлігі бола тұрып-ақ, автор мәлім сөздердің

өзін аффикстермен өзгерту, дублеттермен беру, я болмаса әдейі бұзып айтқызу арқылы-ақ талай балама ойлар мен кейіпкерлерін сомдай білген деп түйеміз. Басқа стильдегі зат есім сөздерімен салыстыра келсек, көлемі жөнінен салыстыруға боларлық публицистика (Ақабаев Ә.), роман жанрларында («Абай жолы») ең жіңі қолданылған сөз табы зат есім болатын болса, драма жанрында етістікті молыниша пайдаланғанын айттық. Мұның өзі де автордың алдымен айттар ойын ойланып, толғанып, әсерлеп-әрлеп барып айтатын қасиетін үктыра түскендей әсер аласын.

Соныменен, автор әр кейіпкерін өз дәуірінің, заманының тілімен сойиеттіп, сол сойлету үстінде кейіпкерлер арқылы өзінің де шебер сөз зергери екендігін аша түсіп, дәлелдеп бергендей. Тілін кесек сомдау арқылы жазушы өзінің де өзіндік мәнері, стилі, сөз зергери екендігін өзі көрсетіп бере алған деген корытынды жасаймыз.

---

Л. Б. БЕЛБОТАЕВ

**СӨЗФОРМАЛАРЫНДАҒЫ СӨЗ ТАПТАРЫНЫҢ  
СТАТИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ  
(ҚАЗАҚ ТЕКСТЕРИНЕҢ ТҮЗІЛГЕН  
ЖИІЛІК СӨЗДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ)**

Жалпы тіл статистикасында сөз таптары мәселесінің сөз стіліүі бұрыннан да бар дәстүр. Дегенмен де бұл құбылыстар түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тіл білімінде соңғы жылдардың жемісі деуіміз керек. Өйткені, қазақ тілі мәселелерін карауда зерттеу үшін алғынан әр түрдегі (жанрдағы, стильдегі) қазақ текстері статистикалық түрғыдан спипатталып, мүмкіндігінше ол текстерге лингвистикалық талдау жасалынады. Мұндай кезде ең алғаш анықталатын жай — белгілі бір текстері сөз таптарының мөлшері, олардың өз ішіндегі ара салмағы.

Жалпы, қазақ тіліндегі сөз таптары мәселесін, оның қазақ текстеріндегі көрініс-мөлшерін, өз ішіндегі ара салмағын, ол бойынша алатын реттік орын тәртібін сөз еткенде, біз бұл жайларды қай кезде де үш түрғыдан: «түбір сөз» («сөз»), «сөзформа», «сөзколданыс» гүрғыларынан талдап, бағалағанды жөн деп білеміз. Өйткені, бұл — «сөз», «сөзформа», «сөзколданыс» сипицилалары —

тілдің бір-бірімен тығыз байланыстағы тұракты элементтері. Со-лай болғанымен де, олардың жеке-жеке өзіндік ерекшеліктері де бар. Мәселен, кез-келген текстегі «сөз» — «сөзформадан», «сөзформа» — «сөзқолданыстан» қай кезде де аз болады [1, 4-б.]. Міне осындағы зандылықтар бізді бұл тілдік единицалардың казақ текстеріндегі көрінісіне сөз таптары түрфысынан жеке-жеке статолингвистикалық талдау жасауға итермеледі.

Біздің сөз еткелі отырғанымыз — сөзформаларындағы сөз таптарының көрінісі жайлы.

Сөздер текст ішінде «әр түрлі тәсілдермен түрленіп, алуан түрлі формаларға ие болады» [2, 111-б.]. «Сөзформа» біздің қолдануымызда, «дербес немесе көмекші мағыналы сөздің түбір тұлғасы мен оған жалғанған форма тудырушы морфемалардың саналуан көріністері» [3, 24—25-б.]. Бұл сөзформалар тілдік қарым-қатынаста әр түрлі жиілікте колданылып, жұмсалынады.

Қазақ тіл білімінде қазақ тілі мәселелерін зерттеудің негізінде қазақ текстерінен алғынған сөзформалардың жиілік сөздіктері біршама бар. Олардың ішінде де әр түрлі тілдік стильдерден алғынғандары да, әр түрлі тілдік жанrlардан алғынғандары да, окулық текстерінен түзілгендегі де т. т. кездеседі.

Бұл жиілік сөздіктер туралы, ондағы сөзформалар жайлы тіл білімінің лингвистикалық статистика саласының қазақ тіл біліміне келуінен бері сөз болып келеді десек артық айтқандық болмайды. Өйткені, кандай текстен болмасын ЭВМ-дер арқылы әлгі текстің негізінде жиілік сөздік алар болсақ, бізге машина ең алдымен сөзформаларының сөздігін алып берген болар еді.

«Сөзформа» единицасы — грамматикамызда бүрыннан белгілі болғанымен де лингвостатистикадағы сөзформалар сөздігі, оның негізінде сөз таптарының көрінісі қазақ тіл білімінде енді-енді сөз болып отыр. Айтальық, қазірге дейінгі қазақ тілі зерттеулерінде сөзформалардағы сөз таптарының статистикасы тек бір-екі әдебиеттердеған келтірілген. Онда да М. О. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы статистикасыға [1, 4—5-б.; 4, 9-б.].

Сөзформаларындағы сөз таптарының статистикасы мәселесі қазақ текстерінің негізінде (бірнеше текст қолемінде) біздің жұмыста алғаш рет қаралып отыр. Ал, қазақ тілінің сөзформаларындағы сөз таптарына лингвостатистикалық талдау жасау үшін тілдік материал болып ЭВМ-нің көмегімен қазақ текстерінен құрастырылған мына тәмендегідей жиілік сөздіктер пайдаланылды (1-кестеге қараныз).

Бұл кестеде 11 әдебиеттен түзілген жиілік сөздіктердің тізімі және ол сөздіктердің әрқайсысындағы сөзформа саны берілген. Оған зер сала қарасақ екі түрлі жайды байқаймыз: біріншісі —

**1 - кесте. ЭВМ-нің көмегімен құрастырылған жиілік сөздіктер**

Сөздіктің аты	Сөзформа саны	Құрастыруши авторлар:
М. Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі. Алматы, 1979.	61424	Бектаев К. Б. Жұбанов А. К. Мырзабеков С. Белботаев А. Б. Бектаев К. Б. Белботаев А. Б.
М. Әуезовтің «Өскен өркен» романының жиілік сөздігі (колжазба)	20610	Белботаев А. Б.
М. Әуезовтің повестері тілінің жиілік сөздігі (колжазба)	6680	Белботаев А. Б.
М. Әуезовтің «Асыл нәсілдер» әңгімесінің жиілік сөздігі (колжазба)	5544	►
М. Әуезовтің «Әйел жолы» әңгімесінің жиілік сөздігі (колжазба)	9008	►
М. Әуезовтің «Шатқалан» әңгімесінің жиілік сөздігі (колжазба)	4174	►
М. Әуезовтің «Әнгімелері» тілінің жиілік сөздігі (колжазба)	23595	►
М. Әуезовтің «Индия очерктері» тілінің жиілік сөздігі (колжазба)	12038	►
М. Әуезовтің очерктері тілінің жиілік сөздігі (колжазба)	9132	►
М. Әуезовтің «Қаракөз» пьесасының жиілік сөздігі (колжазба)	4376	Зекенова А. Р.
«Математика» тексінің жиілік сөздігі (колжазба)	3393	Белботаев А. Б.

жиілік сөздік алынған текстер екі түрлі тілдік стилъден (көркем әдебиет және ғылыми-техникалық), сондай-ақ көркем әдебиет стилінің бес түрлі жанрларынан (роман, повесть, очерк, әңгіме, пьеса) алынғандығы болса, екіншісі — көркем әдебиет стиліне жаттын он жиілік сөздіктің бәрінің де текстерінің авторы бір жазушы (М. О. Әуезов) екендігі.

Әрине, сөзформаларының жиілік сөздіктерін бұлайша әр түрлі тілдік стилдерден, әртүрлі тілдік жанрлардан алуымыз да кездейсоқтық емес. Өйткені, алынған текстер неғұрлым әр түрлі болған сайын олардағы сөз таптарының көріністері де, сандық сипаттары да соғұрлым жалпы тілдік негізде айқындала бермек.

Егер 1-кестеде келтірілген сөздіктердегі сөзформаларын әр текст бойынша өз ішінде сөз таптарына бөліп, ондағы әр сөз таңындағы сандық көрсеткіштерін өз текстіндегі сөзформаларының жалпы санына қарай шағып, проценттік үлестерин шығарар болсақ, бұл жағдай 2-кестедегідей көрінеп еді (2-кестеге қараңыз).

Егер 2-кестеге қарасақ, бірінші аңғарылатын жай — сөзформаларының сөздігінде зат есім, етістік, сын есім сөз таптарындағы

## 2 - кесте. Сөзформаларындағы сөз таптарының статистикасы

Сөз таптары	«ЛЖ» роман %	«ӨӨ» роман %	«Повестер» %	«АН» аттылығы %	«ЕК» аттылығы %	«Ш» аттылығы %	«Эңгімелер» %	«ИО» очерк %	«Очерктер» %	«Каражөз» пьеса %	«Математика» %
Зат есім Етістік	46.55 38,35	45.78 35.55	39.40 37.12	41.29 37.41	44.84 35.86	36.39 39.65	42.78 38.41	55.26 26.36	52.81 26.84	38.02 40.12	44.77 29.76
	84.90	81.31	76.62	78.70	80,70	76.04	81.19	81.62	79.65	78.14	74.53
Сын есім	9.37	11.23	11.48	11.07	10.15	10.28	10.73	11.81	12.11	9.06	12.18
	94.27	92,56	88.00	89.77	90,85	85.32	91.92	93.43	9176	87,20	83.71
Үстегу Есімдік Сан есім Одағай Модаль сөздер Еліктеуіш с-р Шылау	2.12 1.53 0.60 0.42 0.39 0.34 0.32	2.38 2.38 0.84 0.33 0.63 0.21 0.67	4.19 3.22 1.38 0.22 0.63 0.90 1.45	2.87 3.73 1.35 0.22 0.77 0.20 1.08	2.35 3.62 0.85 0.52 0.68 0.16 0.96	3.59 5.41 0.91 0.86 0.60 0.86 1.44	2.44 2.66 0.87 0.42 0.53 0.46 0.69	2.32 1.85 0.96 0.03 0.48 0.09 0.83	2.62 2.64 1.14 0.05 0.60 0.15 1.03	3.87 4.66 1.11 0.59 1.41 0.04 1.03	2.86 5.00 1,91 — 0.92 — 2.60
	5.72	7.44	11.99	10.22	9.15	13.67	8.07	6.56	8.23	12.74	13.29
Барлығы: сөзформа саны	99.99 61424	100,00 20610	99.99 6680	99.99 5540	99,99 9008	99.99 4174	99.99 23595	99.99 12038	99.99 9132	99.94 4676	100.00 3397

Ескертү. «Асыл нәсілдер»—«АН», «Әйел жолы»—«ЭЖ», «Шатқалац»—«Ш», «Индия очерктері»—«ИО» деп белгіленеді.

сөзформаларының сандық мөлшері ен көп проценттерді құрайды (86, 32—94,27% аралығында). Бірақ, сөзформаларының сөздігінде негізгі сөз таптары — зат есім мен етістік. Бұлар барлық тексте орташа алғанда 74,53—84,90% аралығында. Бұл жерден байқайтынымыз біріншіден, зат есім мен етістік сөз таптарының тіліміздегі негізгі сөз таптары екендігі, екіншіден — екі сөз табының грамматикалық карым-катаңасқа көп түсетіндігі, сөйтіп ол кезде текстегі сөзформалары сөз тудыруши және сөз түрлендіруші грамматикалық формаларда өнімді колданылатындығын танытады.

Сөзформаларындағы сын есім туралы сөз ерекше. Өйткені, бұл сөз табы сөзформаларының жеке текстерінде (сөздіктерінде) болсын, не жалпы текстерде болсын форма тудыратын (не езгереттін) грамматикалық аффикстермен колданылуы жағынаң зат есім мен етістіктен кейінгі үшінші орынды иемденеді. Оның сөзформаларындағы үлестік мөлшері, жалпы текстер (сөздіктер) бойынша 9,06—12,18% аралығында. Бұл құбылыштың тек казак текстеріне ғана емес, «казіргі түркі тілдеріне» де ортақ болуы ғажап емес (5, 78-б.).

Сөзформалары сөздіктеріндегі бұл айтылған үш сөз табынан басқа сөз таптарының (устеу, есімдік, сан есім, одагай, шылау, модаль, еліктеуіш сөздер) мөлшері, бар-жоғы 5,72—13,29% аралығында.

Егер сөзформаларындағы сөз таптарының мөлшерін, өз ішіндеғі ара салмағын жалпы текстер бойынша қарайтын болсақ, олардың сандық мөлшер жағынаң реттік орындары төмендегідей болады:

1. Зат есім: 36,39—55,26% аралығында;
2. Етістік: 26,36—40,12%;
3. Сан есім: 9,06—12,18%;
4. Есімдік: 1,53—5,4%;
5. Устеу: 2,12—4,19%;
6. Шылау: 0,32—2,60%;
7. Сан есім: 0,60—1,91%;
8. Модаль сөздер: 0,39—1,41%;
9. Еліктеуіш сөздер: 0,04—0,90%;
10. Одагай сөздер: 0,03—0,86%.

Сөзформаларындағы сөз таптарының статистикалық ара салмағы бойынша алатын реттік орын тәртібі туралы не айтуға болады?

Тіліміздің сөзформаларындағы сөз таптарының реттік орын тәртібі мәселесі әр түрлі текстер көлемінде алғаш рет сөз болып отыр.

Сөзформаларындағы сөз таптарының реттік орын тәртібін анықтай мақсатымен, сөзформаларындағы сөз таптарының реттік орын

3 - к е с т е . Сөзформаларындағы сөз таптарының статистикалық

Реттік орны	«АЖ» (роман)		«ӨӨ» (роман)		«Повестер»		«АН» (әңгіме)		«ӘЖ» (әңгіме)	
	сөз табы	%	сөз табы	%	сөз табы	%	сөз табы	%	сөз табы	%
1	Зат.	43.55	Зат.	45.76	Зат-	39.40	Зат.	41.29	Зат.	44.84
2	Ет.	38.35	Ет.	35.55	Ет.	37.12	Ет.	37.41	Ет.	35.86
3	Сын.	9.37	Сын.	11.23	Сын.	11.48	Сын.	11.07	Сын.	10.15
4	Үст.	2.12	Үст.	2.38	Үст.	4.19	Ес.	3.73	Ес.	3.62
5	Ес.	1.53	Ес.	2.38	Ес.	3.22	Үст.	2.87	Үст.	2.35
9	Сан.	0.60	Сан.	0.84	Шыл.	1.45	Сан.	1.35	Шыл.	0.96
7	Од.	0.42	Шыл.	0.67	Сан.	1.38	Шыл.	1.03	Сан.	0.85
8	Мод.	0.39	Мод.	0.63	Ел.	0.90	Мод.	0.77	Мод.	0.68
9	Ел.	0.34	Од.	0.33	Мод.	0.63	Од.	0.22	Од.	0.52
10	Шыл.	0.32	Ел.	0.21	Од.	0.22	Ел.	0.20	Ел.	0.17
Барлық %	99.99		100.00		99.99		99.99		99.99	
Барлық сөзформа	61 424		20 610		6 680		5 544		9 008	

тәртібін көрсетуге көмектесетін кесте мен схема жасалды (3-кесте мен оның схемасына қараңыз).

Бұл 3-кесте мен схеманың көмегімен және бұларды 2-кестемен салыстыра отырып, әзірге мынадай жайларды айтуға болады:

1. 2-кесте бойынша сөзформаларындағы зат есімді сандық мөлшер жағынан бірінші орынға қойсак, 3-кесте мен схема біздің бұл қорытындымыздың әлі нақты еместігін көрсетеді. Осы снякты екінші орындағы етістік сөз табы туралы да осындағы қорытынды жасауға болады. Бірак, сөзформаларында — бірінші, екінші орындарды осы екі сөз табының бөлісетеңдігіне дау жоқ. Бұл анық жай.

Ал, осындағы осы екі сөз табының сөзформалар бойынша проценттік мөлшерінің молдығын, бірақ әлі де болса реттік орындағының тұрақсыздығын қалай түсіндіруге болады?

1. Зат есім де, етістік те қашаннан атауыш сөз таптарының ішіндегі ең үлкен субелі сөз таптары. Бұл жайды бұдан бұрынғы зерттеулер де дәлелдей жүр.

2. Бұл екі сөз табы да формалық жақтан өзгеруде өздеріне тән өзіндік ерекшеліктері бар. Атап айтқанда, зат есім жалғаулардың барлық түрлерімен өзгере алады, ал етістіктің болса зат есімге қарағанда түрлену мүмкіндігі әлдекайда мол. Өйткені, олар жалғаулармен қатар арнаулы жүрнақтармен де түрленеді [1].

3. Етістік сөзформаларының бірінші орында көркем әдебиет стилінің тек әңгіме («Шатқалаң» — 39,65%), пьеса («Қаралқөз» — 40,12%) жанрларынан байқалады.

реттік орын тәртібі

(әңгіме) «Ш»	«Әңгімелер»		(очерк) «ИО»		«Очерктер»		«Қарәкез» (пьеса)		«Математика»		
	сөз табы	%	сөз табы	%	сөз табы	%	сөз табы	%	сөз табы	%	
Ет.	39.65	Зат.	42.78	Зат.	55.26	Зат.	52.81	Ет.	40.12	Зат.	44.77
Зат.	39.39	Ет.	38.41	Ет.	26.36	Ет.	26.84	Зат.	38.02	Ет.	29.76
Сын.	10.28	Сын.	10.73	Сын.	11.81	Сын.	12.11	Сын.	9.06	Сын.	12.18
Ес.	5.41	Ес.	2.66	Үст.	2.32	Ес.	2.64	Ес.	4.66	Ес.	5.00
Үст.	3,59	Үст.	2.44	Ет.	1.85	Үст.	2.62	Үст.	3.87		2,86
Шыл.	1.44	Сан.	0.87	Сан.	0.95	Сан.	1.14	Мод.	1.41	Шыл.	2.60
Сан.	0.91	Шыл.	0.69	Шыл.	0.83	Шыл.	1.03	Сан.	1.11	Сан.	1,91
Од.	0.86	Мод.	0.53	Мод.	0.48	Мод.	0.60	Шыл.	1.05	Мод.	0.92
Ел.	0.86	Ел.	0.46	Ел.	0.09	Ел.	0.15	Од.	0.59	Од.	—
Мод.	0.60	Од.	0.42	Од.	0.03	Од.	0.05	Ел.	0.04	Ел.	—
99.99	99.99	99.99	99.99	99,94			100.00				
4 174	23 595	12 038	9 132	4 676			3 396				

Бұл жайдың біздіңше үш түрлі себебі бар сияқты:

Бірінші — жанрлық ерекшелік болуы мүмкін. Бірақ, бұлай дейтін болсақ, зерттеуге алынған текстерде бұдан басқа да үш әңгіме («АН», «ӘЖ», «Әңгімелер») бар. Олардағы жағдай — әдеттегідей. Ал, бұл біздің бірінші болжалымыздың кисынсыз екендігін дәлелдейді.

Екінші — текстер көлеміне байланысты болуы мүмкін. Бұлай дейтін себебіміз, басқа текстермен салыстырғанда бұл екі сөздіктің сөзформа көлемі аз (қараңыз: «Шатқалаң» — 4174 сөзформа, «Қарәкөзде» — 4676).

Үшінші — авторлық стиль де (ерекшелік) болуы мүмкін.

Қалай дегенмен де бұл құбылыстың «құпиясын» нактылай ашу үшін әлі де зерттей түсу қажет.

2. Сөзформаларындағы сын есімдердің орын сандық мөлшері жағынан да (9,06—12,08%), текстердегі схемалық көрінісі жағынан да орынды, тиянакты — үшінші орын.

3. Сөзформаларындағы есімдік пен үстеу сөз таптарының реттік орын тәртібі жайы да сырттай қарағанда зат есім мен етістіктердің жайына көп үқсас: бұл екі сөз табының қайсысын алғашқы, қайсысын соңғы орынға кою керек екенін қазірге ашып атап қиын. Өйткені, 2-кестеде берілген сөзформалары сөздіктеріндегі сөз таптарының статистикасына қарасақ есімдікі — төртінші (1,53—5,4%), үстеуді — бесінші (2,12—4,19%) орынға қояр едік. Бірақ 3-кесте мен оның схемасы біздің бұл шешіміміздің әлі де дәл

	Реттік орыны (ро-ман)	"АЖ" (ро-ман)	"ӨӨ" (ро-ман)	"Пове-стер"	"АН" (әңгі-ме)	"ӘЖ" (әңгі-ме)	"Ш" мелер	"Әңгі-мелер"	"ИО" (очерк)	"Очерк-тер"	"Қара-көз" (пьеса)	"Математика"
1	зат.	зат.	зат.	зат.	зат.	зат.	зат.	зат.	зат.	зат.	зат.	зат.
2	ет.	ет.	ет.	ет.	ет.	зат.	ет.	ет.	ет.	ет.	зат.	ет.
3	сын.	сын.	сын.	сын.	сын.	сын.	сын.	сын.	сын.	сын.	сын.	сын.
4	уст.	уст.	уст.	ес.	ес.	ес.	ес.	уст.	ес.	ес.	ес.	ес.
5	ес.	ес.	ес.	уст.	уст.	уст.	уст.	ес.	уст.	уст.	уст.	уст.
6	сан.	сан.	шыл.	сан.	шыл.	шыл.	сан.	сан.	сан.	шыл.	сан.	сан.
7	од.	шыл.	сан.	шыл.	сан.	шыл.	шыл.	шыл.	шыл.	шыл.	сан.	сан.
8	мод.	мод.	ев.	мод.	мод.	од.	мод.	мод.	мод.	мод.	шыл.	мод.
9	ел.	од.	мод.	од.	од.	ев.	ел.	ел.	ел.	од.	од.	ел.
10	шыл.	ел.	од.	од.	ев.	мод.	од.	од.	од.	од.	од.	ел.
Барлық сөздөр ма	61424	20610	6680	5544	9008	4174	23595	12038	9132	4676	3396	

Сөзформалардағы сөз таптаурының статистикалық реттік орын тәртібліңің қазак тексттеріндегі схемалық жөнінде.

еместігін көрсетеді. Мұнда үстен — роман, повесть, очерк («ИО») жанрларында төртінші орындарда да, басқа жанрларда (жігіме, очерк («очерктер»), пьеса мен «математика» тексінде) бесінші орында. Ал, есімдік сөз табы — роман, повесть, очерк («ИО») жанрларында бесінші орындарды көрсетеді де, басқа текстерде төртінші орындарда тұр.

